Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

Жаркент Айнасы

№16 (18), 31 тамыз, сенбі, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

АУЫЛДАСТАР – БАУЫРЛАСҚА АЙНАЛЫП, СӘБИЛЕРДЕН БОСАМАСЫН БЕСІГІҢ!

2-бетте

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

«Конституция» сөзі латын тілінен аударғанда аударғанда «құрылыс» деген мағына береді. Мемлекеттік құрылымның іргетасы болып тұрған қолданыстағы Ата Заңның қабылданғанына биыл 24 жыл толады. Қолданыстағы қазіргі Конституция жалпыхалықтық референдум негізінде 1995 жылдың 30 тамызында қабылданып, сол жылдың 5 қыркүйегінде күшіне енді. Ол 9 тарау және 98 баптан тұрады.

«Құрметті отандастар! Баршаңызды Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын! Халқымыздың заң үстемдігіне, адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге ұмтылысы төл тарихымызда айқын көрініс тапқан. Озық әлемдік тәжірибені, тарихи және ұлттық дәстүрлерді арқау еткен Қазақстан Конституциясы халқымыздың бірлігі мен мемлекет тәуелсіздігінің берік негізі саналады. Келесі жылы Ата заңымыздың 25 жылдығын атап өтеміз. Осы кезең ішінде еліміздің басты заңы жасампаздық пен ілгерілеудің кепіліне айналды. Қазақстан тұтас құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жүйені қалыптастырып, жан-жақты жаңғыру жолына түсті. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұсынған Ұлт жоспары мен институционалдық реформалар соның негізін құрайды. Біздің мақсатымыз – экономиканың сапалы өсімін және халықтың әлеуметтік сұраныстарын қамтамасыз етіп, тұрмыс деңгейін арттыру, сондай-ақ мемлекеттің саяси жүйесін жетілдіру. Ата заң азаматтарымыздың мүддесіне қызмет етіп, елімізді одан әрі дамытуға септігін тигізе береді. Барлық қазақстандықтарға зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!», - деді Президент өз құттықтауында.

«Қыз ұясы» – қайсар рух қалған мекен

Қыз ұясы – бұл Үлкен Өсек, Кіші Өсек өзенінің қойтасты шатқалдар арқылы ағып өтетін бастамасындағы қиылысқан жерінде орналасқан. Бұл жер Жоңғар Алатауының Көккезең шатқалымен түйіскен жерінің ең қиясы, аса қауіпті үлкен жартасты, терең құздың басы. Осы үлкен тұйықтағы зәулім жартасқа тау қыраны ұя салды. Сыңсыған орман, жеміс ағаштарына тұнып тұрған ерекше құнарлы жер. Ортасынан Өссек өзені қақ жарып ағып, жол жөнекей Қызылеспе, Талды ауылдарын басып өтіп, Қарадала арқылы Ілеге бет бұрады.

«Қыз ұясы» атану себебі ерте қазақ, қалмақ арасындағы шапқыншылықта Жоңғар бөктеріндегі болған қақтығыста қазақтың бір батыр жігіті мен жауынгер қызы екеуі жау қолына түседі. Қалмақтың қолбасшы, батыры қазақ қызының сұлулығына тәнті болып, оны тоқалдыққа алғысы келеді де қызға сөз салады. Егер тоқал болса, мен батыр ағасын босатамын дейді. Қыз да, қыздың батыр ағасы да қанша зорлық-зомбылық көрсе де ондай қорлауға көнбейді.

Қалмақтың қолбасшысы Жоңғар тауын жортып жүріп, құз жартасындағы мұзбалақтың ұясын көріп, онда бүркіттің бір ғана балапаны қауырсын қанат болып ұшуға талпынып қалғанын байқап, ұяға түсіп, балапанын алып шығатын батыр жігіттерді іздейді. Бел шешіп ешкім шықпаған соң қазақтың тұтқын қызы бауырымды тұтқыннан босатып үйіне қайтаратын болсаң ұяға өзім түсіп, балапанын алып шығып, сенің тоқалың болам дейді. Бұған масаттанған қалмақтың қолбасшысы қазақ жігітін босатып еліне жіберіп, он алты құлаш қыл арқан естіріп, қызды ұяға түсіруге әзірленеді. Қия жартасқа салынған бүркіттің балапаны, үстінен, астынан, жанынан қараса да көрінбейді. Тек қарсы беттен қараса ғана байқалады. Қалмақтың қолбасшысы мен қазақтың тұтқын қызының келісімі бойынша бірнеше белді жігіттермен ұяға келіп, қыл арқанның бір ұшын беліне байлап, екінші ұшын бір кексе жігіттің беліне байлап арқанды саумалап, қыз ұяға түседі. Қыран өзінің ұясын жалама жартастың үстіне салған екен. Ұяға қарап, сөнке болған жуандығы саусақтай ағаштарды айқастырып төсегенін көргенде бұл жұмсақтық жасықтықтың, ездіктің ұясы емес, нағыз қайтпас қайсарлықтың оттай жанған, өжеттіктің мекені екені байқалады. Балапанның жалт-жұлт еткен жанарында, қайратты қауырсын қанатында, шаңқ еткен даусында жауға деген қайнаған кектің бораны соғып тұрғаны сезіледі. Қыранның қияғын да қалмаққа қор етпеуге бел байлап, ақ тәнім адал, жүрегім туған елімнің садағасы, қалмаққа күң болып жер бетінде өлгенше қыранның ұясында, жабысып қалғаным артық деп сол ұяны мәңгілік мекен еткен.

Міне, сол заманнан бастап зарлы жартас бүркіттің емес, «Қыз ұясы» атанып кеткен. (Осы «Қыз ұясы» деген поэмамнан «Балдәурен» жинағында үзінді берілді.) Осыдан бірнеше жыл бұрын белгілі жерлес ақынымыз Оразақын Асқардың «Октябрь туы» газетінде «Қыз ұясы» деген поэмасы жарияланды. Бұл да туған жер топырағында тәні, ары, ерлігі қалған қандас әпкемізге деген үлкен құрмет пен оның аруағына бас июі деп білемін.

Әдепхан ТӨРЕХАНҰЛЫ,
ақын, этнограф.

Ауылдастар – бауырласқа айналып, Сәбилерден босамасын бесігің!

Ауыл – Алаш баласы үшін әрдайым ардақты мекен. Құтты қоныс. Бақ пен береке қатар ұялаған қасиетті өлке. Осы орайда ауданымыздағы әр ауылды жырға қосып, кіндік қанымыз тамған өңірдің келбеті мен көрінісін сөзбен кестелеп, салмағын арттырып жүрген белгілі шайыр, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ислам-Ғали Үркімбайұлының туған жер туралы бір топ өлеңін жариялап отырмыз. Ақынның әр өлеңін әр ауылдың кіре берісіне ойып жазып, баннерге іліп қойса да артықтық етпейтін секілді. Оқыңыз, ой қосыңыз.

АЙДАРЛЫ

Айдарынан жел ескен Айдарлымсың,
Бір көргенге – шеткі ауыл, сайран құмсың.
Өзегіне тепсең де кетпейтұғын,
Өз ұлыңдай құныңды ел қайдан білсін.

Ту тігіпсің Іленің жағасына,
Бурақожыр өзені сағасына.
Сексеуіл, жыңғыл менен жиделерің,
Өзіңе қолын созып таласуда.

Желкем желмен аялап шаршағанды,
Бозторғайың боздатып ән салады.
Құм даланың меңіндей көз тартатын,
Келбетіңді көрген жан тамсанады.

Риза боп қарайсың Жасағанға,
Мекен болдың мәңгілік қанша адамға!
Хандығыңа өзіңнің өткізетін -
Дарбазақұм қойыпты босағаңа.

Айдарынан жел ескен құтты мекен,
Қасиетің ерекше, парқың бөтен.
Көкірегінің көзі бар адам үшін -
Туған жердің құмы да алтынмен тең.

***

АҚКЕНТ

Ақкентім – Жаркентіммен егіз бе едің?
Қалдырған топырағыңа ер іздерін.
Ұлы ғалым түстеніп аттанған деп,
Шоқанның жазбасынан сені іздедім.

Ежелгі обалар сыр шертеді екен,
Санаңды сан заманға ертеді екен.
Ұлы Жібек жолының керуені,
Саған тоқтап, демалып өтеді екен.

Ақкентім, бабалар сөзіндейсің,
Бүгінгі жеткен көне көзіндейсің.
Топырақ қатпарынан қазып алған,
Алтынның сыныгының өзіндейсің!

Саған куә боп келген сан ғасырлар,
Адамзат тарихының жалғасы бар.
Сүйсінумен қараймын сүрлеуіңе –
Үйсіндер тағасының таңбасы бар.

***

АЛТЫҮЙ

Алты-ақ үйден бастау алған екенсің,
Тәңірі өзі бағыңды өрге көтерсін.
Бүгін міне іргелі ауыл Алтыүйім –
Керегесін кеңге жайған мекенсің.

Тарихың бар таразылай білгенге,
Пейіштейсің сенде өмір сүргенге.
Заман көші алыстатып кеткенмен,
Ақкенттің орыны тұр іргеңде.

Жандар қанша өмір сүрген көшелі,
Есте қалар еңбегімен еселі.
Шымырлыққа шыныгуға шақырып,
Өзіңде тұр еңселі спорт кешені.

Саған келсем өткеннен сыр кешем де,
Балалықпен балбырап тілдесем бе?
Әлі есімнен кетпейді – мені емдеген,
Өрмеке атам тұратын бір көшеңде.

Тал-терегің кербездей керілетін,
Маған бейне жұмақ боп көрінетін.
Өрмеке атам бар кезде ауырғандар,
Дәрігерге баруға ерінетін.

Со қалпында көктегі тұрса да ай-күн,
Естелік көп есіңді тұмшалайтын.
Ауыл жұрты – азулы бастық болған,
Ыбырайымжан ағаны пір санайтын...

Қасиетіңді әкем мен анам білген,
Құшағыңда ержеткен балаңмын мен.
Ел мен жердің нұр шашып ертеңіне –
Тәж киіп тұр бүгінгі заман гүлден.

***

ӘУЛИЕАҒАШ

Ауылым бар «Әулиеағаш» аталған,
Сан аңызды естіп өскем атамнан.

Талай адам киесін шын түсініп,
Жер шетінен іздеп келіп бата алған.

Сол ауылдың қызығамын еліне,
Қызыр қонған дейді аңыз, төріне!
Жеті Арасан, жеті өзенім және бар –
Не жетеді Жаркентімнің жеріне!

Әулиеағаш осы ауылда тұр әлі,
Жапырағын сүйеді күн шуағы!
Шипа болып әр тамшысы науқасқа,
дәл түбінен жылжып аққан бұлағы.

Ол туралы талай жырды тыңдағам,
(Өтіп жатыр қайран уақыт зырлаған).
Осы өңірдің болғаннан соң түлегі –
«Әулиеағаш» деп өзім де жырлағам:

...Орамына алты құлаш жетпеген,
Алып діңнен бір-бір «ағаш» көктеген!
Көрген адам сиғыза аламай көңіліне,
Басын иіп, тәуәп қылмай өтпеген.

Дара біткен арса-арса тұлғасы,
Талай-талай тағдырлардың мұңдасы.
Антей сынды жерден алған қуатын,
Киелі ағаш, уақыттың сырласы...

Жеті ғасыр ғұмыры бар дара шың,
Әулиеге неге бекер баласын!
Қабығымен жауып келді білдірмей,
Надандарға деген ішкі наласын...

Өркендей бер Әулиеағаш ауылым,
Ауылдағы үлкен-кіші бауырым!
Әр адамға кие дарып, бақ қонып,
Көрсетпесін керзаманның дауылын!

***

БАСҒҰНШЫ

Кеміріп тасын бораны мен жаңбыры,
Топырағы асырап келген жандыны.
Тарихымызға өзіндік қосып үлесін,
Келеді менің туған жерімнің тағдыры.

Тарих қойнауын қарасаң терең ақтарып,
Қалған мұра көп
Сақтар мен Ғұннан сақталып.
Ғұн патшасы Аттилланың атының,
тұяғының ізі де жатыр тапталып.

Есіңе салып Ғұндардың думан дәуірін,
Әне тұр менің Басғұншы деген ауылым.
Саналы жанға атының өзі айғақтап,
суыртпақтап сыр тартқандай ма,
бауырым?

Қанеки, онда көрейік сәтке сырласып,
Маңайға көз сап,
Қорғасты өрлеп қырға шық.
Арғы бетте Қытайдың мемлекеті,
Онда да қазақ, қарайды бізге мұңдасып.

Біз де сенеміз, олар да бізге сенеді,
Екі қазақты шекара ғана бөледі.
Дейді олар: «Сайран көл, Құлжа қаласы,
Ғұнның ұрпағы – ежелгі қазақ жері
еді...»

Ия солай...
Көрші елдің бүгін еншісі,
Аллаға аян, Мұхаммед оның елшісі.
Өзгерсе де мемлекеттер аттары,
Өзгермейді екен Көк Аспан мен
Жер түсі.

Үстімен өтер боран да, тіпті, дауылың,
Қойнаудағы анау, Басғұншы деген
ауылым.
Шежіре шертіп, тарихтан сыр қозғайды,
Ауылымның сипап қалсаң сауырын.

Әңгіме айтса тарихшы Молот бауырым,
әкеледі арыдан сөздің дауылын:
«Анау жатқан Үйсіндердің обасы,
таңдантар еді-ау,
қазса егер, қазақ қауымын.

Осында болған Үйсіннің «Шығу» қаласы,
бізге дейінгі екінші ғасыр шамасы.
Сақтар мен Ғұндар,
Үйсіндер өткен дүбірлеп,
Не көрмеді қазақтың ұлы даласы!..»

Бас изеймін, досымның сөзін растап,
Білгің келсе,
дейді ғой қарттар: Сұрас. Тап!
Заманға сай зерттейтін ғалым табылса,
Басғұншы саған
көнеден қозғап сыр ашпақ.

***

«ЖЕРҰЙЫҚ»

Жаңа ғасыр жас ұрпаққа сөз берді,
Жаңа үрдіс басталғанын көз көрді.
Көз көргеннің бірі міне – бұрынғы,
«Нағарашы» – «Жерұйық» боп өзгерді.

Жетісуым – жерұйығым емес пе,
Жақсы-жаман өтті-кетті, бәрі есте.
Басқаларға үлгі болып бұл ауыл,
Көтерілді жаңаша бір белеске!

Есте қалар халқым әрбір ұлы ісің,
Жаныңда жүр ауылдасың, туысың.
Жақсылыққа ұйып еңбек етсеңдер,
Арта берер дәулетің мың ырысың!

Жерұйығым – Елұйыққа ұлассын,
Әр аулада игі тілек бүр ашсын!
Ұлтқа да, ұлысқа да бөлінбей,
Тек адами қасиеттер нұр шашсын!

Бір-біріңе ашық болып есігің,
Жасауды да ұмытпаңдар кешірім.
Ауылдастар – бауырласқа айналып,
Сәбилерден босамасын бесігің!

***

ҚОҢЫРӨЛЕҢ

Қоңырөлең – нағашымның ауылы,
Мекен еткен төрт Ақшаның қауымы.
Төбесіне көтереді жиен деп,
Анашымның туыстары, бауыры.

Еркелесем – еркелігім өтімді,
Бірі қағып көрген емес бетімді.
Қоңырөлең ауылының самалы –
Анашымның алақаны секілді.

Сылдыр – сылдыр Көктерегі ағады,
Сылдырынан жаным ләззәт табады.
Ай нұрымен – Арқастың бір сілемі –
«Ұйқыдағы ару» күліп қарады.

Ауыл шеті ақ бас шилер өрімдей,
Мүмкін емес өту көңлің бөлінбей.
Жанға жайлы самал желмен көз тартып,
Ырғалады өлең шөбі – егіндей.

Ел мен жерге берекелі күй еніп,
Жасап келген ата жұртқа иелік.
Қоңырөлең жатыр міне жамбастап,
Қату тауға арқасымен сүйеніп.

Жайылым ғып бетегелі қырқаны,
Күнде күліп ататұғын нұр таңы.
Қарақойын өңірінде өрістеп,
Өсіп жатыр Қожбанбет би ұрпағы.

***

ҚОРҒАС

Шекараның шебіндегі Қорғасым,
Суың бейне, балқып аққан қорғасын.
Шығысында Қытайменен шектесіп,
Қазақ елі сенен алар жол басын.

Бүгінгі күн өткендердің бәрі аңыз,
Аңыздан да ақиқатты табамыз.
Баяғыда Ұлы Жібек жолымен,
Арлы –берлі өткен екен бабамыз.

Екі елді бөліп аққан өзенім,
Әр тамшыңда шежіре бар –сеземін.
Арғы бетің көзі қысық көршілер,
Бергі бетің Қазақ елі-өз елім!

Өзің жайлы жасқа толып жанарым,
Қаламымды шерге малып жазамын.
Арғы бетке қашып өткен бір кезде,
Туған жермен қош айтысып қазағым.

Амалсыздың кебін киген кез еді,
Қимастықтан өртенсе де өзегі.
Қан мен жасы қатар тамған суына,
Тірі куә - осы Қорғас өзені...

Кетті ол күндер қойнауына тарихтың,
Азабын ап, Қазақ деген халықтың.
«Бейнеттің де зейнеті бар» деген ғой,
Шықты міне шұғылалы жарық күн.

Бүгінгі ұрпақ – сыныгындай асылдың,
Ел арманын іс жүзіне асырдың.
Көзбен көрдік жерімізге жеткенін,
Өркениет жаңалығы ғасырдың.

Келісіммен шешіп екі ел көп істі,
Жақсылыққа тәңірі өзі болысты.
Іле, Қорғас көпірлері салынып,
Екі елдің теміржолы тоғысты...

Шекаралық елді мекен Қорғасым,
Сенен алар Қазақстан жол басын.
Ел мен елдің араларын осындай,
Ынтымағы жарасқан ел жалғасын.

***

НҰРКЕНТ

Нұркентім бұл – Жаркентімнің інісі,
Келешекте асып-таспақ ырысы.
Көркіменен көздің жауын алғандай –
Жаңа үлгімен қалануда құрлысы.

Сенбейтіндер көп қой, әлі көз көрмей,
(Нұрлы өмірді ақын ғана сезгендей).
Қала болар суреттерден көргендей –
«Бас жоспары» түсер болса өзгермей.

Мен айтайын болашақтан сыр теріп,
(Айтып кетті демессіңдер, кім келіп?)
Заман тыныш, халқым аман болса егер,
Нұркентің болғалы тұр жыркент!

Қала болар болашақта көрікті,
(Ақылды адам ертеңіне сеніпті).
Бәлкім тағы берсе құдай жиырма жыл,
Қуанармыз аспанға атып бөрікті!

Көрдік кілем айналғанын ұшаққа,
(Сенейік біз жаны таза, ісі аққа).
Жүрсін жастар көщесімен Нұркенттің,
Бірін-бірі қыса түсіп құшаққа!

***

САРЫБЕЛ

Сарыбел ауылы – балалығым өткен жер,
Сағыныш боп қол бұлғайды өткендер.
Табанымның ізі қалған әнеки,
Көзге ыстық сары белдер,көк белдер.

Кезіміз ғой ат қып шыбық сүйреткен,
Достар міне, балалық шақ бірге өткен.
Мектеп көріп, әліппені ең алғаш,
Марқұм Кәміл ағайымыз үйреткен.

Ойнаушы едік бір тұрып, бір жығылып,
Арпалысып, тізе, шынтақ сырылып.
«Доғдыр келді» десе зәре – құт қалмай,
Қалушы едік диірменге тығылып...

Бір аяулы қарт есімде жүреді,
Ол кісіні көзкөргендер біледі.
Санама өшпес із қалдырған жандардың,
Бала мінез Сәрсенбі атам – бірі еді...

Бәрі естелік бұл ауылда, маңайым,
Айта берсем таусылар ма, ағайын!
Кәусар ауаң – кеуде керіп жұтқанда,
Шіркін дүние-ай, ашылар жан сарайың!..

Сарыбелім, сенде білдім есімді,
Сенің суың, топырағың өсірді.
Өзің бастап берген едің,бір кезде,
Менің мынау ұлы думан көшімді.

Қайта оралмас қайран бала күндерім,
Әлі есімде жылағаным, күлгенім.
О, туған жер,
Ұрпағыңа медет бер,
Сенің арқаң адам болып жүргенім.

***

ТАЛДЫ *(Лесновка)*

Ие болу жеріме болыпты арман,
Отаршылдық заманда орыстанған.
Тал- тоғайдың ортасын ойып тұрып,
Өсегімнің бойына қоныстанған,

Лесновка – қазақша Талды дейміз,
Отаршылдық, озбырлық қалды дейміз.
Ауылыңның ағайын, атын түзе,
Елім бүгін еркіндік алды дейміз...

Жаркентімнің жайғасқан желкесіне,
Өсегімнің ұқсайды еркесіне.
Қапырықтан қашқандар бір барғанда,
Тағы келсем деп тұрар ертесіне.

Шипажайға бергісіз табиғаты,
Тал қабығы – ғашықтар жазған хаты.
Әуестер көп «қолтаңба» қалдыруға,
Сұлулыққа ғашық қой адамзаты.

Алтын берсе қимайды – жерге бөтен,
Қасиетіне қалың ел сенген екен.
Осы көркем ауылда – кие қонған,
Әнші Дәнеш өмірге келген екен.

Қарадөңнің қараса кезеңінен,
Ғажайыпқа кез болар сезе білген –
Дәнеш үні келгендей құлағыңа,
Ән естіліп тұрады өзегінен.

ҮЛКЕНШЫҒАН

Осында досым, осында – туыс, бауырым,
Осында мені танитын ұлы қауымым!
Ақ пейілді анамдай ыстық көзіме –
Үлкеншыған – өзімнің өскен ауылым.

Әкемді көрген қарттардың қандай жаны
ізгі,
Еске салатын ел алдындағы парызды.
Ұлтқа бөлініп, ұсақталып еш көрмеген,
Дүнгені – ұйғыр, ұйғыры – қазақ тәрізді.

Шығанның жұрты кездесе кетсек,
күлімдей,
Амандасады, туыстарымның біріндей.
Бәрі де менің жаныма жақын соншама –
Үлкені – аға, кішісі – туған інімдей!

Ауылымның әр күні маған шуақты,
Еске салады тұп-тұнық мөлдір бұлақты.
Сағынышпенен қараймын көзім буланып,
көшелерінде көктемім жүрген сияқты...

Көңіліме ыстық әр үйі, әрбір шырағы,
Қайда жүрсем де санамда сайрап
тұрады.
Ауылыммен өзегім бірге – өйткені,
Ата-анамның осында мәңгі тұрағы...

ҮШАРАЛ

Туған жер, мен өзіңнен күш аламын,
Шалғыныңа атымды тұсағамын.
Ортасында тұрғандай көк теңіздің,
Үш арал боп көрінген Үшаралаым!

Ат қойуға қазекем болған құмар,
Туып қойған аттары ойдан шығар!
Қамысының құрағы желмен ойнап,
Теңізге ұқсап жатқан соң қойған шығар?

Жаралған ғой бұл ауыл, жаралудай,
Құпиялы қазына аралындай.
Қой-ешкісі қамыстың арасында,
Бейне, Катонқарағай маралындай!

Түкпірінде тұрған соң санамыздың,
Жақсы елге жантартып барамыз мың.
Осы ауылда ізі бар Дәнеш және,
Нүсіпбек пен Нұрсейіт ағамыздың.

Адамымен сағынам ауылымды,
Құрметтеймін аккөңіл қауымымды.
Іздеп жиі келуші ем, өнерлі жан –
Сауранбаев Жансейіт бауырымды...

Антей сынды, жерімнен күш аламын,
Дархан елім, өзіңе ұқсағамын!
«Құпиялы қазына аралы» боп,
қала берші мәңгіге Үшаралым!

ШЕЖІНІМ, БАҚЫТТЫ ЕКЕМ ӨЗІҢ БАРДА!

Шежінім аманбысың, төскейдегі,
Төрт түлік таң ағара төске өрлейді.
Қаладан аңсап жеткен балаң едім –
ескерме, келгенімді, ескер мейлі,
Баяғыда, шырғалаң күн туғанда,
Шығысқа шырылдап ел көшкен дейді.

Сен қалыпсың қайран жер, қанға бөгіп,
Боз белдер – боз інген бе қалған шөгіп?
Жартастар ойығына су толыпты –
Әжем бе, құмырадан алған төгіп?
Ақын балаң келіп тұр Атамекен –
Ақша бұлтың тәрізді арманға еріп.

Шөбіңнен ата-анамның исін сезем,
сағыныш салмағына үнсіз төзем.
Тулаған сезімімнің толқынындай,
Күй шертіп, күмбірлейді «тілсіз» өзен.
Бозторғайдың шырылы – бесік жырым,
құлақ түріп тыңдайды тылсым кезең.

Беттерде елесі жүр бала күннің,
Исін-ай бұрқыраған лала гүлдің!
Бүлдірген теруші едім сонау сайдан,
Өзім жеп, Анама деп ала жүрдім...
Жолдарыңнан ізімді таныған –
Туған жер қадіріңді жаңа білдім.

Шежінім, ауыл едің төскейдегі,
Бағай бабам асыр сап өскен дейді...
Қарағай, аршаларың, шыршаларың,
аң мен құс та ақыннан сескенбейді.
Есепсіз бақытты екем өзің барда –
ақымақ ғана бақты ескермейді...

Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ

РЕЖИССЕРДІҢ ТАҒДЫРЫ

Дарынды режиссер, өзіндік қолтаңбасы, көзқарасы бар өнерпаз Қайрат Сүгірбековті маған атақты әдебиет сыншысы Әлия Қаһарманқызы (Бөпежанова) таныстырды. Бұл тоқсаныншы жылдардың орта тұсы болса керек. Ертеден белгілі, Әлекең – елді бір-бірімен табыстырып жүретін дәнекер тұлға.

Біз Қайраттың Франц Кафка шығармасы бойынша қойған спектаклін тамашалауға бардық. Пьесаның авторы – Ермек Аманшаев.

Қойылым ұнады. Әлі күнге шейін сценограммасы, сюжеттік желісі, абсурдтық атмосфера, актерлер тобы көз алдымда, алакөлеңке күңгірт сахнадан жарықшақтанып шыққан қападар дауыстары да есімде. Ұмытпасам, басты рөлді Дулыға Ақмолда сомдады.

"Құбылыс", "Махаббат дерті' – жас режиссердің, сөз жоқ, қомақты табысы. Шыны керек, Қайрекең – ақжарқын, жайдарман, жылы шырайлы адам еді. Сыр бермей, томаға-тұйық, біртоға, тұнжырап үнсіз отырып қалғанын көргенім жоқ. Мінезі ашық, ойы адал, пейілі кең. Қулық сақтамай, арамдық ойламай, төгіле сөйлеп, бар сырын жайып, ақтара салатын жақсы құрбы дос.

Өзі қулығына құрық бойламайтын құбылмалы ғұмыр, тіс қаққан айнымалы тіршілік алдында қорғансыз болды, өмірді қаз-қалпында қабылдаған кіршіксіз жан бола-тұғын. Қуанып отырып, қуаныш үстінде байқамай сыйға тартқан – көңіліне жұбаныш, жанына қымбат – аса құнды бағалы дүниесін ертеңіне үйіне барып, қайта даулап, тік көтеріп кері алып келетін әпенділігі де бар еді. Бір рет барсам, полотно әкеле жатыр екен. Кеше білмей сыйлап жіберіппін, дейді риясыз күліп. Иә, рас, өткен түнде телефон шалғанымда, нәзік фужер-рюмкалардың бір-біріне сыңғырлап жанамалай соғылғанын естіп едім.

Қонақжайлығы – қызық. Бүкіл азық-түлікті қолына беріп ас қамдатып қоятын. Ал өзі кіріскенде, кешке дәмді көже, жақсы палау, майлы қуырдақты күте бер.

Мағжаннан қойған «Шолпанның күнәсі» жадымда. Спектакльдерінен өз болмыс-бітімі, кескін-келбеті, табиғаты ашылып көрінетін. Бала қалпы, тағдыр-талайы, бақытты кезі. Қателеспесем, Әкім Тарази мен Қалихан Ысқақ жазбалары бойынша Жамбыл туралы қойды. Бұл күрделі қойылым – сәтті еңбектерінің бірі болды.

Қайраттың аты шықты. Шекспирді қолға алды, жас драматургтердің еңбектерін де ұмытқан жоқ: Дидар Амантай, Роза Қараева, Нұрғали Ораз.

Бикен Римова атындағы Талдықорған театрын басқарды. Елге, Алматыға сырқаттанып оралды. Жабысқан дерт, шыр айналдырған науқастан айыққан сияқты еді, жоқ, жасырын жүріп жатса керек, оңалмай қойды.

Жаздың бір күнінде, сірә, шілденің соңы не тамыздың басы болса керек, балконда тұрған жары Қайраттың автомобилі жолдан бір түсіп, бір шығып келе жатқанын байқайды, бұл неге қисаңдап келе жатыр деп, көзін күннен қалқалап, одан сайын үңіле түседі, ойында ештеңе жоқ ол, кенет машина басқарусыз өзі жүріп келе жатқандығын аңғарады, екі қолын төмен түсіріп, басын қисайтып сұлқ отырған Қайрат ес-түссіз, тіпті, жүріп кеткен сияқты көрінеді.

Қайрекең ес-түссіз жатқан қалпы айқайлап түні бойы ауруханада өмір үшін күрескен екен. Куә жанашыр адамдар шырқырап шыққан жан дауысын естігенде, тұла бойымыз титіркеніп, төбе құйқамыз шымырлап қоя берді, дейді. Ол, қайран Қайрекең, өмірді шын сүйсе керек. Соңғы арпалысында тұңғыш рет өзі режиссер бола алған жоқ, оның тағдырын Құданың құдыреті шешті.

Біреуге ерте, біреуге кеш...

Содан бері табаны күректей он жылдан астам уақыт өтті. Қайрекең сахналаған үздік қойылымдар, актерлері сомдаған озық образдар бейнесі, сәл де болса, санамызда көмескіленген жоқ, қайта жарқын қасиеттері айқындала, тереңдеп, жарқырай түсті, бізге ғұмырдың, бір-біріміздің қадіріміздің біл деп тұрғандай.

Піл сауырлы қара жер бетінде, жалпы, өмір театрында бір-ақ финал бар, ол – қаза, алайда театр ажалдан, қасіретті финалдан емес, актерлік топтың нашар ойынынан қорқады.

Ол бір ғана спектакльге қатыса алмаған сұңғыла режиссер болды.

Дидар АМАНТАЙ,
жазушы.
28.01.2019

Қайрат СҮГІРБЕКОВ – *Алматы облысы, Панфилов ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. Режиссер. Қазақ ұлттық өнер академиясының режиссерлік бөлімін бітірген (1994). 1994 - 2004 ж. Қазақ академиялық драма театрында қоюшы режиссер қызметін атқарды. 2003 жылдан Алматы облысы қазақ драма театрының көркемдік жетекшісі әрі директоры қызметін атқарды. С.Ф. Кафканың «Құбылыс», Г. Ибсеннің «Қуыршақ үй», М. Жұмабаев пен Ә. Таразидің «Шолпанның күнәсі», Д. Амантайдың «Сәлеметсің бе, коңыр мұң», Ж. Аймауытов «Ғашықтық дерті», Ғ. Мүсірепов «Махаббат дастаны», т.б. спектакльдерді сахналады. Бірқатар халықаралық фестивальдардың жүлдегері. Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері.*

ӘЛІБАЙ КҮЙШІНІҢ ӘУЛЕТІ

Әлібай күйшінің ұлы Дәулетбек

Қос ішектен төгілген күйдің адам жанын балқытар үнімен баурап алатын қасиеті барын қарапайым қазақтың кез келгені сезіне алатыны, сырлы саздың құлақтан кіріп, шым – шымдап еніп, тұла бойды жаулап, ұйытатыны, адамды рахат бір сезімге орайтыны рас. Дәулетбек Әлібайұлы да бала кезінен ән – күйдің әдемі, сазды ырғағына тербеле күмбірлеген күй құдіретіне бөленіп, есейген азаматтардың бірі болатын.

Хантәңірі тауының алабын мекендеген көңілдің көрікті ойларын сан түрлі сиқырға бөлейтін атақты Назаръұлы Қожеке күйшінің күйлері басын заңғардан алып, сабырлы Ілеге құйған сан бұралаң бұлақтардай, Албан, Суан және Қытайдағы қазақтардың арасында кеңінен таралып кеткен шақ еді. Дәулетбектің әкесі Әлібай да қолдан жонылған шағын домбырасын атқоржынға салып алып, тастамай жүретін. Той – думандарда, қонақта отырғанда, қаумалаған қалың елдің алдында салалы саусақтары балбырап күйшілік өнердің мерейін тасытып, шабыттана күйге басатын. Дегенмен де, жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде дүниеге келген, қазақ балаларының өмірі адам қызығарлықтай емес екендігі баршаға аян. Ресей патшалығы бодандығының құлдығына түскен езілген елдің ұрпағы, Кеңес өкіметі орнаса да тұрмыстың небір қиындығын көтеріп, ауыртпалықтың қамытын қайыспай сүйреп өскендіктері тарихтан белгілі. Ауыл мен даланың, табиғаттың, адамның жан дүниесінің ішкі құбылысын, толқынды, сиқырлы үнмен жеткізетін күй өнерін өзіне серік етіп серілікке бет қойған, өз жеріндегі Суандар мен Іле өзенінің арғы бетіндегі Албан, жалпақ Жалайыр арасындағы елге біршама күйшілік атымен танылған Әлібай күйшінің ұлы Дәулетбек те қабырғасы қатпай жатып, еңбекке ерте араласты. Мектепке барып, оқып, толық сауатымен білім алып шығуына қоғамдағы сол кездегі әр түрлі аумалы – төкпелі уақиғалар, жоқтық, тұрмыстың тапшылығы, жаңа жүйенің әлі қалыптаспағандығы мұрша бермеді. Бар жоғы үш кластық қана біліменен еңбекке бел шеше кірісті. Халық басына қасірет әкелген Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, отбасын құрып 1946 жылдары жұбайы Бүбина екеуі сол кездері қазіргі Алмалы, Басқұншы ауылдарын біріктіріп отырған «Красный Восток» колхозының бір отар қойын жауапкершілігіне алып, отарлап кетті. Жаздың күндері жанға жайлы Жетісу Алатауының сұлулығы сілекейіңді ағызатын «Ойжайлау», «Суасқан», «Бүркіттас», «Аршалы», «Самылтырсайы» жайлауларында болса, қысты күндері жайылымдағы малға құнары мол, азықты, атақты Қарабас батыр аталары жерленген «Қарабастау», «Бестөбе», «Шетенді» қыраттарының баурайларын қыстайтын.

Кішіпейіл, кісі келсе кеседегі құйылған асын ұсынатын Дәулетбек ағамыз, айналасындағы өзіндей малшыларға, көктемгі мал төлдету кезінде жіберілген көмекшілеріне, сақпанға келген адамдарға аса жанашырлықпен қарайтын. Малшы қауымның қарлы – жаңбырлы, боранды – тұманды, ерін кеберсітер аптап ыстықты, аласапыранды аумалы - төкпелі ауыртпалығы мол күндерді бастан өткеретіндігі көпке белгілі. Кей күндер жадыраңқы – жайлы болып келетін шақтарда, ара-тұра кештерде қаумалаған жандардың көңілін қалдырмай әңгімелесе отырып XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген, Қытай шеріктерінің қолынан қорлық көріп ауыр жарадан қайтыс болған Албаннан шыққан күйші Қожеке Назаръұлының «Қарайт - Сарайт», «Өкініш», оған қоса арқадағы шертпе күйдің шаң жұқтырмас жүйрігі Тәттімбеттің «Тоғызтарау», «Көкейкесті», «Сарыжайлау», халық күйлері «Аққу», «Қоскеліншек», «Қалмақбиі» т.б. көптеген күйлерін тартып беріп, жұрттың құлақ құрышын қандырып,тартысына талайды тәнті етіп, риза қылатын.

Қос пернеден толқи шыққан қоңыр күйдің сарынына ұйып отырып, өзі де жарық дүние силаған анасы Бижамал жайлы ойға шоматын.

Тым ерте қайтыс болса да анасы туралы «Он саусағы он кісі, өз басы бір кісі дегендей, ауыл үйді киіндіретіндей шебер еді» деп еске алатын көзі көргендердің сөзі ойына жиі оралып, анасы туралы жақсы пікір естігенге іштей риза болып та жүретін. Анасы бала – шағаны асыраудың жайын ойлап, үй ішінің ішер асының қамын күйттеп Қорғас өзенінен ары өтіп барып, Қытай жеріне аздаған апарған дүниесін тіске талғажауға айырбастап ол жақтағы ағайындардан талқан, тары, бидай алып келіп жүретін. Осындай кездің бірінде күзді күні Қорғастың салқын суын кешіп өтпек болғанда Қытайдың қарауыл шеріктері келіп қалып, олар кеткенше өзеннің жағалауындағы өсіп тұрған талдың тамырына жасырынып, кеңірдегінен келген суда жүрелей біршама уақыт отырып қалады. Күздің жауған жаңбырының тасыған тастай суынан ауру тапқан анасы көп ұзамай көз жұмады. Осы оқиға есіне түскенде көңілінің көз жасын төге отырып, «Өкініш» күйін зарлата тартып, іштегі дертін, шерін шығарып, запыранын тарқататын. Колхоз еңбеккерлерімен бірге қайыспас қара нардай еңбек етіп, көзге түсіп, елдің де, басшылардың да алғысын арқалады. Балалары есейіп, оқу жасына келгенде олардың көздерін жаутаңдатып біреулердің үйінде жүргізіп оқытқанша деп, колхоз қойын түгендеп өткізіп беріп, Алмалыдағы қара шаңырағына оралды. Қандай да болмасын бір шаруаны алдын ала ерте ойластырып жүретін әдетімен колхоз басқармасының рұқсатымен, еңбек ақысына үй салуға ағаш жаздырып алып тауда малда жүргенде колхоздың қарағай дайындаушыларымен келісіп, дайындық жұмыстарын жүргізді, үйге мал сойып, шақырып, күйшілік өнерін оларға да көрсетіп, тамсандыра таңырқатты. Соның арқасында Алмалыдағы ауылға бір үй салуға жетерлік сапалы ағаш материалдарымен көшіп келеді.

1941 жылы фашистік Германия бастаған Ұлы Отан соғысының алдында ғана бір колхозға біріккен шаруашылық «Красный Восток» деп аталған болатын. Алмалы ауылындағы тұрғындар мал шаруашылығымен қоса, 40 гектар жерге егілген алма бағына қарап, күтіп баптайтын. Сол жылдардағы ауылдың оңтүстігіндегі алма бағында қазір тамсана таңдай қаға айтып жүрген апорттың елімізге әйгілі керемет түрлері өсірілетін. Үлкендігі шарадай дәмі тіл үйіретін сол алмаларды колхоз еңбеккерлері күздің күні жинап, тазалап, арнайы станокпен турап, кептіріп, қақ дайындап, еліміздің түкпір – түкпіріне, әсіресе әскер құрамаларына жіберіп жататын. Одан солдаттарға нәрлі, дәмді, әрі денсаулыққа пайдалы компот сусыны дайындалатын. Көкөністің түр-түрі егілетін. 1955 жылдан бастап, жүгері себіліп, ол ірі-қараға мал азығы, жем-шөп ретінде беріле бастады. Красный-Восток колхозына қарасты Басқұншы ауылындағы адамдарда мал шаруашылығымен (қой-ешкі, сиыр,жылқы) дәнді-дақылдар, бидай, сұлы, жоңышқа егіп, жем-шөп дайындаумен айналысатын. Ауылға көшіп келгеннен кейін Дәулетбек Әлібайұлының өзіне міндеттелген шаруаны, тапсырған жұмысты, адалдықпен, тыңғылықты, әрі жауапкершілікпен атқаратынын білетін колхоз басқармасы оны бірден Алмалы ауылындағы №2-ші бригадаға жүгері егістігіне звено жетекшілігіне бекітті. Дөңгене алқабынан қарамағына 60 гектардай жерді бөліп берді. Бұл кездері жүгері дақылы Жаркент аймағына 60-жылдардан бері егіліп, жерсіндіріліп оны игеру өндірістік жолға қойылған болатын. Жер жырту алдында оны суғару, уақыт өткізіп алмай дән себу, арық қазу, тарту, арам шөбін отау, уақтылы әртүрлі тыңайтқыштарды беру, қопсыту яғни барлық агрономиялық технологияны сақтау, білгірлікпен, есеппен жүргізілуін талап ететін. Жүгерінің алғашқы бірінші, екінші суын ұстау, яғни суғару жұмыстары өте қиындықпен жүретін, ол звеновойдан төзімділікті, орасан зор қуат-күшті талап ететін. Күні бойы отыз-қырық градустық шыбын шыңғыратын маусым, шілде, тамыздағы ыстықта жүгері алқабындағы сандаған арықтарға бөлінген суды атыз-атызбен қуалап жүгіртіп жүру, кетпен көтеріп су ұстап жүруге жігіттің жігіті шыдайтын.

Колхоздың сан салалы жұмысында басы артық жұмысшы болмайтын. Көмекшілікке ырықсыз келген кейбір жұмысшылар күні бойғы ауыртпалыққа шыдамай, екі-үш күннен кейін шыдамсыздық танытып, жауыр аттай қиқандап, құйрығын сыртқа салатын. Дәукең талайын көрді: біршамасына, су ұстауға ыңғайы барларға сөзбен емес ісімен көрсетті, үйретті, кейбіреулері кейін өзі сияқты жеке телімдер алып Алмалы бөлімшесінде звеновойлық жұмыс атқарып жүрді. «Тәрбиенің ең жақсы құралы іс» деп бекер айтылмайды. Дәулетбек Әлібайұлы айналасындағы адамдарға қалай еңбек ету керектігін және сол еткен жұмысының рахатын қалай көру қажеттілігін үйреткен кісінің бірі. Қасындағыларға судың топырақ су, жапырақ су, дән суы дегендердің не екенін ұқтырды. Кииміне бір ілкім топырақ, лай тигізбей кетпен шабуды үйретті. Жүгері дақылының «маңдайынан ыстық, табанынан су өтсе, берер өнімініңде мол болатындығына» қасындығыларды сендіре білді, көзін жеткізді. Айтуға оңай демекші, жүгері алқабында жұмыс азаннан кешке одан кейде түннің бір уағына дейін толастамай атқарылатын. Жүгері сидамдала, тарамдала өсіп, дәні толып, жасанған қыздай бойлап піскен шақта, ең жауапты егілген дақылды ысырап етпей шашпай-төкпей жинап алу кезегі келетін. «Дала аруы» атанып, алқапты жасыл желекке бөлеп тұрған, байлаған ат құлағы көрінбес аймаққа сүйсіне көз салатын мезгілде осы болатын. Жаз бойы ағып келген 5-6 рет суғарылған жүгері суының жырым – жырым, айырым – айырым, кедір – бұдыр етіп бұзып кеткен жердің ретке келтіру ауқымды, әрі төзімділікті қажет ететін шаруа болатын. Алқаптың бас – аяғын түзеу, арық - тоғандарды топырақ толтырып таптау, көлік жүруге, комбайн келуге дайындау звеновойдың мойнында еді. Дәулетбек Әлібайұлы да өзінің жауапкершілігіне берілген жүгері алқабынан жоспардан тыс өнім өндіріп, еселі табысқа ие болғандықтан 1970 жылы В.И.Лениннің туғанының 100 жылдығында «Ерен еңбегі үшін медалы», 1971 жылы социалистік құрылыстың өркендеуіне сіңірген ерекше еңбегі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумы төрағасы қол қойған «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен 1973 жылы КСРО министрлер кеңесінің «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен, 1975 жылы маңдай терін бұршақтата төге еңбек ете жүріп Бүкіл одақтық ауыл шаруашылығы жетістігі көрмесінің (ВДНХ), ауылшаруашылығын дамытудағы жоғары жетістіктері үшін «қола медальмен» марапатталды. Өмірде өзіңді лайықты сезінуге жетелейтін бағдар еңбек болса, оның рахатын сезіну бір бақыт емес пе. Еліне лайықты еңбек сіңіріп адамдық парызын өтеді. Тумысынан тектілігін сақтаған, асыл азамат осыншама сый – сияпатқа ие болып, жатса да астым да, тастым да демеді. Күнделікті отбасында біруақ отырғанда балаларының оқуына ерекше уақытын бөлетін. Жұбайы Бүбина, ауыл мектебінде еден жуушы болып істесе де, көңілі ояу, көкірек көкжиегі кең жан болатын. Үлкен ұлы Дәуренбектің Қазақтың мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясына түсуін қалауының да өзіндік себебі бар еді. Күйшілік өнерді серік еткен әкесі Әлібайдан берілген музыкаға іңкәрлік ағасы Әбдірақышқа әншілік ретінде ауыса қонғандығын жасынан білетін. Көз алдарындағы қабырғада ілулі тұратын, кейде әкелерінің қолында күй қалықтататын қазақтың қолдан шапқан қасиетті қара домбырасы туған ағасы Әбдірақышты жастайынан-ақ әуелетіп, ән салдыртып, тыңдаған жұртты таңдай қағып тамсандыратын дәрежеге жеткізді. Ауылда туылып, әншілік талантының арқасында бүкіл аудан жұртшылығына танымал болған Әбдірақыш ағасы 1934 жылы Алматы қаласында өткен көркемөнерпаздардың халық таланттарын іріктеу байқауына қатысып, «Қыз Жібек» операсындағы Шегенің ариясын орындап көпшіліктің аузына ілініп, «Әнші бала» атанып келіп, «Іріктеуден өттік, біз енді қайта баратын болдық» деп жүргенде, аяқастынан қайтыс болып кетеді. Қазақтар бекерден – бекер, тектен-текке айтпайды ғой «Құдай тіл-көзден сақта» деп. Айналадағылар мен ағайын-туғандардың бәрі бірауыздан «Керемет дауысы бар әнші еді, тіл тиді» дейтін.

Өнердің қадір-қасиетін бағалау үшін де ішкі талғамның түйсіктің жоғары болуы адамды еріксіз құштарлыққа жетелейді. Кей шақтарда Бүбина жеңгеміз жұбайы Дәулетбектің өнерге деген құштарлығын қызыға айтып отыратын еді дейтін естігендер. Жасырақ кездерінде жазды күні жайлауда мал бағып жүрген күннің бірінде, Алмалы ауылына Рахия Қойшыбаеваның концерті келіпті дегенді естіп, малды ерте жарықта қоралай салып, кешкі асын апыл – ғұпыл ішіп, шапқылап ауылға түсіп кетіпті. Таулы жердің ауарайы құбылып тұрады емеспе, әлден соң, әп-сәтте бұлт үйіріліп, найзағай ойнап, жер мен аспан астаң кестең болып, сатырлай жауған жаңбырдың соңы нөсерге ұласып кеткен. Алай-түлей басылып, түн ауған шақта ертоқымымен кісінеп аты келіп, елдің бәрінің құты қашып отырғанда, таңға жуық жаяу жалпылап, жаңбыр өтіп, сүме – сүмесі шығып, иіні салбырап өзі келіпті. Өзінің айтуынша, найзағай шатыр ете түскенде астындағы аты жалт беріп үркіп кетіп, өзі аунап түсіпті де аты қашып кетіпті. «Бойындағы әнге, күйге ынтызарлық Дәулетбек ағаңды қайда апармады» деп Бүбина тәтеміз күліп отырады екен.

Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдары Алмалы, Қорғас өңірін жайлаған адамдар арасында күйшілік өнер біраз тараған болатын. Дәулетбектің әкесі Әлібай Далыбаұлы, Мамырбай Самылтырұлы, Солтанайдың Мұсасы, Ыбырайымның ұлы Өмірзақ, өзі де бар, Асубайдың Жұмашы тағы біраз адамдар жастайынан домбырада күй шертіп, жұрт топтанған жерлерде, той - томалақтарда елдің көңілін көтеріп жүретін. Ауыл ортасына ілінген жалғыз қалпақ радионың өзі (репредуктор) елуінші жылдары ілінді. Дәулетбек сол кездегі Алмалы сегіз жылдық мектебінің директоры, жас кезінде домбыра ойнап күй тартуды Әлібай атасынан үйренген Өмірзақ бауыры екеуі, жұмыстан

кейін қолы бос кездерде шағын үйдегі түпкі бөлмелердің біріне кіріп алып, ұзақ уақыт әңгімелесіп отырып, күйге қатысты тарихты толғай отырып, кезек-пе-кезек күй шертісетін.

Мына шеті Қытай елінің қазақтары болса, мына жағы өзіміздің ішкі жақтағы Лепсі, Қапал аймақтарына дейін жолаушылап, серілік құрып, өзге күйшілермен күй салысып барып қайтып жүрген Әлібай ақсақал жайлы ел арасында әңгіме көп айтылатын. Ақсу, Қапал өңірін аралап жүрген кездерінде естіген күйлерінің бірі «Қоскеліншек». Күй белгілі бір оқиғаны баяндауға құрылған. Өзен бойын жайлап отырған ел ішіндегі, көрші отырған екі келіншек, орталарында жүгіріп жүрген кішкентай баланы ертіп өзенге су алуға барады. Жадырап күн күліп, сылдырап өзен ағып, үйрек ұшып, қаз қонып жатқан кез болса керек. Екі келіншек сөйлесіп әңгімеге елітіп тұрып, қастарынан кетіп қалып, сумен ойнап отырып, суға ағып кеткен баланы әлден соң байқап, соңынан құтқармақ болып екеуіде суға секіріп жүзе жөнеледі. Ағыны қатты өзен баланың соңынан суға секірген екі келіншекті де жұтып тынады. Кейіннен суға кеткен баланың, екі келіншектің денесін тауып ел-жұрт жерлеп, бастарына күмбез тұрғызған екен. Сол жер жұрт аузында «Қос келіншек күмбезі» деп аталып кетіпті. Күй сарыны жайма шуақ сәтті баяндай келіп, орта тұсында буырқана адуындап барып, соңына таман мұңлы бір күйге түсіреді. Осы аңызда айтылатын қос келіншек туралы уақиғаның күй болып шертілетіндігі туралы Ақсу, Қапал өңірінде әзірше ондай мәлімет жоқ. Бұл күндері әкесі Дәулетбектен ұлы Нұрсағат, ал әкесі Әлібай атамыздан естіп үйреніп, аңыздың өзін айтып отырады екен. Бұл күй қазіргі зерттеушілердің назарына ілінбеген, мүмкін күйлердің алтын қорындада болмауы ықтимал. Жетісу өңірін түгелдей аралап күй өнерін көрсетіп, өзгелерден өзі де үйреніп, күйшіліктің шегін игерген Әлібай атамыздың осы «Қоскеліншек» күйінің авторы деп айтуымызға да болады. Ал, арғы беттегі бауырластарымыздың арасында Албанның атақты күйшісі Қожеке Назарұлының шертпе күйлері көп тарағандықтан, бұл өңірде де сол күйшінің шығармалары жиі шертілетін. «Әке көрген оқ жонар» деп бекер айтылмайды. Қаншама ауыртпалықты көтере жүріп кетпен шауып, мал бағып жүрседе, күйді қасаң, қарысқан саусақтарымен емес, көкейімен тыңдаушысын тебіренте, толқыта шертетін.

Жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы, жетпісінші жылдары, халықтың тұрмысы бір шама түзелген шақтарда колхоздың кәсіподақ комитеті ауыл еңбеккерлерін мәдени шараларға тартып, әртүрлі қоғамдық жұмыстар ұйымдастырып, өнерпаздардың басын қосып, концерттер қойылып, жұмыстан шаршаған ел-жұрттың демалыстарын біршама қызықты өткізетін. Жұмыс сәябырсып демалған кездері, мерекелік күндері, өзінің замандастары Омаров Нұрахмет, Байменов Әділшайық, Исмаилов Мәмен, Ниязбаев Сайдахымет, Смағұлов Тәлен, Құткелдиев Бегай, Қосбармақов Тұрсын, Есебаев Тілеужан, Наймантаев Әлімақын т.б.құрдастары бас қосып қалған сәттерінің өзі керемет өнер сайысына ұласатын. Дәулетбектің домбырада шерткен «Қалмақ күйінің» ырғағында: Тәлен досы «Қалмақ биін» келемеждеп күлдіргі бағытта, қалмақ әйелінің нан илеуін, мұрнын тазалауын, шөмішпен босағадан сығалаған иттің басынан ұрып, қайтадан қазанға салғанын билесе, Бегай досы Тұрсын екеуі қолына қасықты алып өзгеше бір үнмен, сыртылдатып буын биін нақышына келтіре билей жөнелетін. Дәулетбек те домбыраны арлы-берлі толғап, сол қолының саусақтары пернеде жорғалап, оң қолының алақанының асты үстімен, қырымен ілгері- кейінді ойнап, әсерлі үн беріп, көріп отырған елді таңырқата жүгіртетін. Бишілер де саздағы сылқым жорғадай былқылдайтын. Домбырада ойнап отырған Дәукеңнің күйшілігін ғана мойындап отырған жұрт оның домбыра шерту өнерінің құдіретіне бас иетін.

Сол жылдары колхоз басқармасы еңбекте оза шауып, айрықша еңбек еткен адамдарын арнайы жолдамамен «Жаркент - Арасан» шипажайына демалысқа жіберіп алатын. Арқас Алатауының әсем шатқалдарының қойнауынан дүние түрлі дертке дауа шипалы суы шығып жатқан көркем жерге орналасқан демалыс орнына Қазақстанның түкпір – түкпірінен мыңдаған адамдар келіп ем алып рахатын көретін. Жаркент - Арасанға барған сондай күндерде демалыста жатқан сан жиналыста президиумда қатар отырған, әсіресе ол кісіні танитын басшылар Дәулетбек Әлібайұлыныңда осы жерде екендігін біліп, қолқалап шақырып алып күй шерткізіп, сүйсіне тыңдап, ризашылықтарын білдіріп, рахмет айтып жататын.

Өзіне деген сенімі мол адам ғана

Әлібай күйшінің шөберелері Ерғали Тұрсынғалиұлы мен Дәулет Нұрсағатұлы

адалдықты ту етіп алып жүре алады. Аталарынан бойына сіңген адамгершілік қасиет өзгелер жөнінде ғайбат сөз айтқызбауға тәрбиеледі. Өткен ғасырдың отыз жетінші жылдарындағы қуғын – сүргіннен кейін, елуінші жылдары басталған Кеңес өкіметінің келеңсіз саясатының бірі «басқаша ойлаушыларды» құдалау болды. Сондағы ойлап тапқандары «советтік шындықты бұрмалағаны» үшін деп көптеген адамдарды тұтқындап жауапқа тартатын. Сондай азаматтардың бірі Несіпқожа еді. Соғысқа қатысып келген майдан ардагері, көзі ашық газет журналдарды жібермей оқитын жанның бірі болатын. Елде болып жатқан кейбір мәселелерге өз көзқарасын білдіріп, пікір айтып отырғандықтан, оның қасындағы ауылдың 1930-1937 жылдары талай адамдарды «халық жауы» деп ұстатып жіберген «қу құлақтар» жала жауып Несіпқожаны да ауданға хабарлап ұстатып жібереді. Аудандағы тергеушілер Несіпқожамен араласа жұмыс істеген айналасында жүрген біраз адамдарды ауданға шақыртып тергеуге алған. Сол күндерде жүгері алқабында Несіпқожамен қоян – қолтық еңбек еткен Дәулетбек Әлібайұлында орталыққа шақыртумен алдыртып бесалты күн тергеп, әуре-сарсаңға салған. Қамауда отырғанда «Несіпқожа сенің көзіңше осындай сөздерді айтқаны рас па», «Естідің бе?» деген сұрақтар қойып қыспаққа түсірген. Тапсырылған жұмысты адал атқаратын адамдар туралы ешқашан ғайбат сөз айтпайтын Дәукең Несіпқожаның аузынан арызда жазылған сөздерді естімегенін айтып, тергеушінің өзінің ақиқатты сөйлеп отырғанына көзін жеткізген. Жоғарғы органдардың тапсыруымен тергеу жүргізіп, жауап алып отырған тергеуші де «Сен өзің адал жігіт екенсің, кейін қайта сұралсаңда осы айтқаныннан танба» деп босатып, ауылына қайтуға рұқсат етіпті.

Тергеу орнының қызметкері де сірә да отызыншы жылдардағы нәубеттің қазақ еліне зор апат әкелгенін жақсы түсінген, білген жандардың бірі болған болуы керек. Дәукеңнің осы адамгершілік жолында басын бәйгеге тігіп, өзін атылудан арашалап қалғанын 1986 жылы Несіпқожа қарияның өзі көп алдында айтып беріпті. Дәулетбек Әлібайұлының қызы Ақылай Жаркент қаласындағы туыстарының үйіне қонаққа барған кезінде, әңгіме арасында үлкен қарияның бірі «Алмалыда кімнің қызысың» деп сұрап-біліп, басынан өткен жағдайды көпшілікке баяндап айтқан сол қария Несіпқожа екен. «Мені үстімнен жала жабылған арыз бойынша тұтқындап, қамауда ұстап отырғанда егістікте бірге су ұстап жүрген Дәулетбекті де сұраққа алған екен. Өзіде бір нарттай жігіт еді мен туралы ешқандай жаман, жала сөз айтпапты» - деп ризашылық сезімін білдіріпті.

Тағдыр тауқыметін бір кісідей тартып өссе де, қажыр қайратының, кіндік қаны тамған туған жерге деген сүйіспеншілігінің, елінің ертеңін ойлаумен еткен еңбегін елеп халқы мақтанышқа бөледі. Кеңес өкіметі кезінде халық шаруашылығы саласында ерен еңбек еткен азаматтарға берілетін ең жоғарғы наградалардың бірі «Еңбек Қызыл Ту» ордені еді. 1976 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен екінші рет марапатталды. 1982-1984 жылдары тағыда Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістігі көрмесінің (ВДНХ) қола одан кейін күміс медальдарын иеленді.

Бір әулеттің балалары болғандықтан да ауылдағы басқа адамдар байқамайтын, түсінбейтін нәрселерді өздері күй арқылы түсінетін, ойларында орындалмай тұрған шешуін қиын түйіндерді өздері сезініп шешіп жататын кездері өмірде көп кездескен. Сондай күндердің бірінде інісі Дәуеш Батық ағасының үйіне барып, төрге шығып шалқасынан түсіп, домбырасын кеудесіне қойып шертіп, жатып алыпты. Кіріп-шығып ас қамдап жүрген әйелінен «анау не істеп отыр?» десе, әйелі айтқан болу керек «күй шертіп жатыр» деп, «онда сен сұра не қыжалаты бар екен» депті. Сөз алмаспай, айтпай-ақ қандай нәрсе сұрай келгенін, домбыраның қос ішегінен шыққан үнмен жеткізу бұрыннан да жалғасып келе жатқан өнер. Өнер сабақтастығының үзілмей кележатқан дәстүрін, бойында ерекше қабілеті бар жандар ғана ұға алады. Мұндай айтқызбай түсінетін қабілет Дәукеңеде қонған. Әкенің алпыс екі тамырымен берілген күйшілік бойына сарқылмас қуат, салауатты өмір сыйлады

Ауыл іші болған соң адамдар арасында әр түрлі қарым-қатынас болып тұрады. Бірде туыстар, көрші-қолаң, араласып жүрген жора-жолдастардың жұмыстары шықса Дәукең білек сыбана көмекке ұмтылатын. Бірде күн суыта бастаған кезде қолы қысқа ағайынның бірі келіп «Дәуке үйдің төбесіне салатын лай жасап қойып едім, соны атыңызбен кешіп жұмсартып бересіз бе, басшыларға барып ат сұрасам олардан қайыр болмай тұр» - деп жағдайын айтып келіпті. Дәукең ағамыз өзінің байсалды қалпын сақтап «жарайды» деп шығарып салыпты. Бір-екі күннен кейін жаңағы кісі таң ертең тұрып қараса, лайы сабан қосылып, атпен кешіп араластырылып, әбден иі қанып тұрыпты. Енді бірде досы Сейдахмет екеуі қыстың күні атпен жұмысқа кетіп бара жатып Жықай деген кемпірге жолығып қалады. Жасы келіп қалған кәрі кісі мал-жанның қамын ойлап екеуінен шөп сұрайды. Дәукең қалжыңдап «менің атым Сейдахмет, әйелімнің аты Рысхан үйге барып бір арба шөп алыңыз» деп айтып кетіпті. Олар кеткен соң Жықай кемпір Сейдахметтің үйіне барып «сенің күйеуің маған бір арба шөп ал» деген деп, шулатып жүріп басып алып кетіпті. Кейіннен Жықай кемпір болса «күйеуі жақсы азамат, әйелі нашар адам екен» депті. Мұны естіген ел біразға дейін кемпірдің аңғалдығына ішектері қатқанша күліп жүріпті. Дәукеңнің дос жарандардың арасына жүгіртіп қоятын осындай жеңіл, өкпесіз әзіл-қалжыңдары да бар еді дейді көз көргендер.

Домбыраның қоңыр үні кеуде сарайы ашық, сезімтал адамдарды баурап, өз сазына ғашық етіп алатын құпиясы бар. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дегендей аталарынан келе жатқан күйшілік өнер тектен-текке жалғасып немере, шөберелеріне берілмеді. Дәулетбек ағаның балалары Дәуренбек, Нұртәліп, Нұрдәулет бәрі музыка мамандары, бірі консерватория бітірсе, енді бірі жоғары оқу орнының музыка факультеттерін бітірген. Қазіргі күні Елтінді батыр атындағы орта мектептің директоры қызметін атқарып отырған ұлы Нұрсағат Дәулетбекұлы күйшілік, әншілігімен қатар көптеген әндердің авторы. Қыздарының ішінде Алтынай 1985 жылдары Талдықорған қаласында студенттер арасындағы өткен домбырашылардың облыстық конкурсында жеңімпаз атанып, Атырау қаласындағы республикалық конкурсқа жолдама алып, жүлделі орын иеленіп, лауреат атанып қайтты. Бұл күндері Текелі қаласындағы музыка мектебінде еңбек етіп көптеген талантты шәкірттерді тәрбиелеп шығаруда.

«Ат тұяғын тай басар» демекші Әлібай аталары кезінде жете алмаған биікті шөберелері Ерғали Тұрсынғалиұлы мен Дәулет Нұрсағатұлы бағындыруда. Ертеден-ақ құлақтарына құйылып, жүректерінен орын алған «Аталарын атақты күйші болған» деген сөзді естіген ұрпақтар қолына домбыра алып, күмбірлетіп күй шертіп өсті.

Ерғали Тұрсынғалиұлы оқушы кезінде елімізде тұңғыш рет ұйымдастырылған «Домбыра күмбірі – халқымыздың бірлігі» республикалық ұлттық жобасына қатысудан бастап, аты ауызға ілініп, түрлі байқауларға барып, оның ішінде Нұрғиса Тілендиевтің 85 жылдығына арналған «Атадан мұра» Алматы қаласында өткен күйшілер байқауының лауреаты атанды. Халықаралық «Ақ көгершін» конкурсының жеңімпазы болды, күйшілігін әлі де ұштай түсуде.

Кіші шөбересі Дәулет Нұрсағатұлы мектеп қабырғасында оқып жүрсе де, өз ынтасымен домбыра үйреніп, күйлер шертіп, Жаркент қаласында өткен республикалық «Дала сазы» байқауына қатысып жеңімпаз атанды, көптеген музыкалық сауаты бар мамандардың өзін таңқалдырып жүр.

Қай үйге барсаңда өзін қазақ рухтымын дейтін жандардың үйінің төрінде қазақтың қара домбырасы ілулі тұрады. Әлден уақыттан соң сол аспап отырғандарды бей-жай қалтырмай қоңыр үнге бөлейді. Егер әр ауылда әулетімен өнер қонған, көнеден үзілмей келе жатқан салты бар, бір отбасыдан болса, қазақтың әншілік, күйшілік дәстүрі ешқашан үзілмес, жоғалмас еді. Ал Алмалы ауылында осы өнерді ұрпақтан ұрпаққа беріп келе жатқан алтын жіптің арқауын ұстап отырған Әлібай күйшінің әулеті.

Молот СОЛТАНАЕВ,
«Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы.

ҚАЗАҚ ПЕН АБАЙ

Қоғамдағы қайсыбір келеңсіздіктерге ашынғанда ақындардың ақыны, жүрегімнің жақыны – Абай һәкіммен ақылдасып, сырласатын әдетім бар. Бүгін де Абаймен сыр шертісіп едім. Санама сан қилы ойлар келіп, жамырап қоя берді...

Неге біз осындай болып барамыз? – дедім өзіме-өзім. Неге? Менің қазағым бұрын мұндай емес сияқты еді ғой? Тереңнен ойлап, тебірене сөйлейтін еді ғой. Саясатпен шаруасы жоқ, бала-шағасының амандығын, ел-жұртының бүтіндігін тілеп қана отыратын еді ғой? Әлде, біріміз-біріміз жете танымаған соң сондай көріне ме екен? Мына интернет, фейсбук, инстаграмм дей ме, қаптаған әлеуметтік желілерге желімделгеннен кейін мен қазағымды танымай бара жатқандаймын. Үш Жүз болып бөлінгенмен, түбіміз бір, қанымыз бір ҚАЗАҚ едік қой. Енді не боп барамыз? Көбейгендей жүректегі жарамыз. «Тентекті жеңіп, тыя алмай, әлі отырмыз ұялмай» деп Абай һәкім айтқандай өз сөзімізден өзіміз ұялмай, аузымызды тыя алмай жанымызды ауыртып жамырап сөйлейтін әдет таптық. Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа. «Адам деген даңқым бар, адам қылмас халқым бар» депті-ау, ашынғанда ұлы ақын! Сол кепті біз де бүгін басымыздан кешіп отырған жәйіміз бар. Бірімізге-біріміз – бұл да мен секілді ет пен сүйектен жаралған адам баласы, қателесу оған да тән қасиет деп қарамай, өзімізден басқалардың қателігін кешіре алмайтын, сабырлы сөйлеп, салиқалы пікір айта алмайтын шулаған тобырға айналып баратқандаймыз. Жазғандары мен айтқандарына қарасақ – қазақта жақсы адам қалмаған. Есесіне, пайдакүнем, жемқор, өтірікші, алаяқ, өз пайдасын ғана көздеген тоғышарлар екен айналамыз. Бұл сұмдықты бұрын (желіге байланбай тұрғанда) кім білген?!

Өзім көп ұната бермейтін (өткен өмірім болса да) Кеңес Одағының кезіндегі қазақтар бір-бірін дәл мұндай жерден алып, жерге салып жатпаушы еді, арандатушыларды соттаушы еді, сонымен іс тоқтаушы еді. Қазақтар бірін-бірі мұнша жек көреді-ау деген ой ешқашан түсіме де кірмейтін. Жан қысылғанда, бүгінінен көңілі қалғанда, адам амалсыз өткен өмірді көксейді екен. Болмаса айтайын деген сөзім бе еді бұл? Бүйткен... деп қолыңды бір сілтегің келеді сондайда.

Бүгінгі қазақтардың жасы да, жасамысы да түп-түгел саясатшыл болып алған тәрізді. Өйткені бәрі сауатты ғой, көздері ашық, газет-журнал оқыйды, теледидар көріп, интернет тыңдайды дегендей... Көпіріп саясат соққанда, шешіле сөйлейтін шешенің де қолына су құюға жарамай, далада қалары анық. Шетінен батыр, шетінен би, шетінен ақылман, шетінен көріпкел. «Өздерің де ойлаңдар, неше түрлі жан барсың. Ғылым да жоқ, ми да жоқ, даладағы аңдарсың» деп Абай тіріліп келіп, бетімізге түкіріп тұрғандай шіміркенемін.

Менің жас кезімде ауыл қарттары: Әй, «Бас басыңа би болған өңкей қиқым...» мынаған бағын деп, қазық қағып қойса, сен соған бағынуың керек, мынау құ қазық қой демей, соған жіпсіз байлануың керек! – деп жекитін. Мұның аты – ТӘРТІП екенін кейін түсіндік қой. Ал сол кезде: Бұл құлдық сананың белгісі, қанымызға сіңген құлдық мінез, бағынышты өмірдің көлеңкесі, - деп қарияларды жақтырмайтынбыз өзімізше. Сол кезде Бауыржан батыр: Тәртіпке бағынған – құл емес! - деп ақыратын...

Ал, еркіндік берілді, тәуелсізбіз, не айтамын десең еркің, сөз бостандығы, рух бостандығы! Біз осы құқықтарымызды қалай пайдаланудамыз? Кек алу үшін, өзіңе ұнамағанды мұқату үшін, жүз-жүздің, ру-рудың бетін жырту үшін, жақсының жанын ауыртып, аяғынан шалу үшін, арасынан пайда табу үшін, жалған намысқа шабу үшін, өсек таратып, жала борату үшін... тағы-тағылар үшін пайдаланудамыз. Осының бәрін мынау бейбіт заманның қарусыз майданында түпсіз байып, шексіз билік құру, өзінен «Өлмесхан» жасау жолында қару етіп жұмсаудамыз. Екі тиран қол бастап соғысса, шыбындай қырылатын қара халық болған қашанда. Бұл қарусыз майданның да құрбандары – сол, халық! «Жүрегі жұмсақ болған құл, шын дос таппай тыншымас» дейді ұлы ақын. Жүрегі жұмсақ, тілегі ақ – халық. Әлемнен қас емес, дос іздейді. Әлемнен ғана емес, жақынынан да жанашыр іздейді. Қайда сол жанашыр, өзінен бұрын халқының тағдырын ойлайтын ұл? «Жарлы емеспін, зарлымын, оны да ойла толғанып, жұртым деуге арлымын, өзге жұрттан ұялып». Ия, бүгінгі саяси сұрқымыз үшін, өзгелерге кеуде керіп, «Мен Тәуелсіз Қазақпын!» деуге ұялатын халге жетпесек болды. «Жүректе айна жоқ болса, сөз болмайды өзгесі...» Осының бәріне жүректің айнасы арқылы қарап, ойланайықшы ағайын!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қазақтар жасанды ет жеуге дайын ба?



Жыл сайын көбейіп жатқан жер шарындағы адамзаттың тағамға деген сұранысының артуы да тіршілік қажеттілігі. Қажеттілікті өтеу барысында табиғат аясында өнетінтағам өнімдері сұранысқа ілесе алмай, жасанды жолмен өндірілетін тағам шикізаттары өндіріске жол тартуда.

Баламалы тағам өнімдерін өндіру, яғни жасанды жолмен алынатын тағам шикізаттары, көбіне, протеин алуға бағытталған. Алдымен, ғалымдар мал өнімінен алынатын протеиннің орнын толтыру үшін, сырт сипаты /текстура/, дәмі мен сапасы жағынан мал өніміне толық сәйкес келетін өсімдіктер протеинін алу әдісін кеңінен пайдаланды. Соңғы жылдары, лабораториялық жағдайда мал етінің талшықтарынан протеиндерді түзу әдісі өндіріске енгізілді.

Жасанды жолмен протеин өндіру, әрине, тіршілік қажеттілігінен туындайды. Біріншіден, саны артып келе жатқан адамдардың тамаққа деген сұранысын қамтамасыз ету керек. Екіншіден, табиғат байлығына нұқсан келтірмей, экологиялық ахуал мәселесін ұшықтырмау қажет. Мысалы, құрлықтың отыз проценттен астамында мал жайылады, қаншама орман оталып, жайылымға айналуда /мысалы: Амазоний орманының жетпіс проценті оталған/. Сиыр малының тастайтын тезегі жыл бойына 120 кг метан газымен ауаны ластайтынын есептесек, бұл ауаның газбен булануының 18 процентін қамтиды.

2050 жылдарға қарай адамзат санының 10 миллиардқа жететін ескерсек, олардың тағамға деген сұранысын өтеу үшін, мал басын өсіруге жайылым мен мал азығы қорын қалай жеткіземіз? Мал басы көбейсе, экология ахуалы нашарлайтыны түсінікті. Тығырықтан шығу үшін, не мал өнімдері тағамдарына шектеу қажет немесе оның баламасы түрін жасанды жолмен өндіру әдісін өндірісте кеңінен қолдану керек. Сонда ғана, жер ананың жанына жара салынбай, табиғи байлық ресурстарын болашақ ұрпаққа қалдыра аламыз.

Жасанды өнім шығарғанда не ұтамыз?

Қандай әдіспен алынса да, жасанды, яғни баламалы етте глютен мен холестерин болмайды. Ал, жасанды әдіспен өндірілген сүт құрамында лактоза болмайды және сүт өндіру барысында қолданылатын антибиотиктер мен әртүрлі гормондар да сүт түзу үрдісіне қатыспайды. Әрине, антибиотиктер мен гормондарға және лактозаға аллергиясы бар адамдар үшін бұндай өнім сұранысқа ие болар. Дегенмен, нутрициолог мамандардың зерттеуі баламалы мал өнімінің адам ағзасына зияны жоқ болғанымен, берер пайдасы шамалы екенін мойындайды.

Жасанды сүт өндіру бойынша майбұршақтан, сұлыдан, кокостан және миндальдан өндірілетін әдістен басқа, оңай және оңтайлы жолдары табылды. Ирландия компаниясы «PerfectDayFoods» сүт ашытқыларына қант қосу арқылы сүт протеинін алып, оған өсімдік майы мен коректік заттарын қоса отырып баламалы сүт өнімін өндіруді өндіріске енгізді. Осы баламалы сүттен қаймақ, балмұздақжәне ірімшік алынады.

Адам баласының ағзасына биологиялық тұрғыдан сіңімді болатын баламалы өнім - лабораториялық жағдайда биотехнология әдістерімен ет өнімін өндіру. Алдымен, тірі малдың бұлшық етінен биопсия тәсілімен діңгекті жасушалар /стволовыеклетки/ алынады. Олар мал ағзасынан тысқары құнарлы ортада өсіріліп, көбейтіледі. Бұлшық ет жасушалары өсу барысында миотрубкаларға ұласып, белгілі мөлшерде бұлшықет тіндерін түзеді. Бір біріне жапсарласқан бұлшықет тіндері ет өнімін құрайды. Осы еттен фарш /туралған ет/, котлет және 3D-принтер көмегімен бургерлер дайындалады. Осындай әдісті алғаш қолданған «MosaMeat» атты Нидерланд компаниясы. «MemphisMeats» компаниясы сиыр етінен фрикадельки жасаса, Израил компаниясы «SuperMeat» тауық етін өндірумен айналысады.

Бүгінгі күнге кең таралған әдіс, ол баламалы еттің өсімдіктерден алынатын жасанды түрі. Етке әуес адамдардың еттің сырт сипатына, дәміне және иісіне мән беретінін ескере отырып, жасанды ет алу үшін өндіріске өсімдіктердің осы қасиетті бере алатын түрлері пайдаланылады. Әрине, өндіріс барысында құрамындағы протеин, май және микроэлементтері бойынша коректік заттары мал етінің құрамына барынша сәйкес келетін өсімдіктер таңдалынады. Кәзіргі таңда, кең қолданысқа ие өсімдіктер асбұршақ /горох/, майбұршақ /соя/ және күріш дақылдары. Жасанды етке қызыл түс ендіріп, сөлін келтіру үшін леггемоглобин белогі қолданылады. Леггемоглобин асбұршақ, үрмебұршақ және майбұршақ дақылдарынан алынады. Ал, «BeyondMeat» компаниясыетке әр беріп, сөлін жасау үшін қант қызылшасын қолданады.

«BeyondMeat» компаниясы туралған ет, сосиска және котлеттер өндіріп, McDonald's компаниясымен және Ресейде «WhiteRabbitFamily» атты мейманхана холдингімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқаруда. Мысалы, өсімдіктен алынған жасанды еттен жасалған бургер «Горыныч» мейманханасында сатылады. Еттің өзіндік құнын арзандату мақсатында күнбағыс, бөрібұршақ /люпин/ пен қыша / горчица/ сияқты дақылдар қолданылады. Бұл салада, «Improssible Foods» пен «Beyond Meat» компаниялары алғы шепте. Америкада «Improssibe Burger» өнімі кең сұранысқа ие, сапасы да тұтынушылар көңілін шыққан. Осы өнімнің жасанды етін қуырғанда шыжғырылуы және ет жеген кезде сөл бөлінуі табиғи еттің сапасын елестеді, яғни мал етіне барынша ұқсас.

Жасанды протеин өндіру үрдісінде ең тез, әрі оңтайлы әдістің бірі ашытқы өсіріндісін қолдану тәсілі. Сан-Франциско қаласында «ClaraFoods» компаниясы жұмыртқа протеинін өндірудің оңтайлы әдісін тауып, аспаздық салада протеин ұнтақтарының кеңінен қолданысқа енуіне жол ашты. Ең қызығы, осы ұнтақтан жұмыртқаның өзі жасалынады.

Сан-Францискода әлемге әйгілі «Just» компаниясы тағам дайындау барысында азық-түлік мәселесін түбегейлі өзгертуге күш салуда. Бұл компания баламалы тағамдар жасау мақсатында 300-ден астам өсімдіктер түрін зерттеген. Осы компания сары асбұршақтан майонез жасап, бұл тауар «Just Mayo» атты брендпен өндірісте кеңінен қолданысқа ие болды. Осы компанияның тамаққа қосатын дәмдеуіштері - «Just Dressing», нан пісіргенде қосатын қоспалары - «Just Cookie», дайын құймақтары - «Just Scramble» Америкада үлкен сұранысқа ие.

Замана ағымына ілісе отырып, баламалы тағамдардың біздің дастарханның төрінен орын алмасына кім кепіл? Олардың сырт сипаты, дәмі мен сапасы табиғи өнімнен еш кем емес. Тек, жасанды жолмен жасалғаны болмаса. Әрине, қазақ халқы мал өсіріп, оның өнімін өз қолымен дайындап, маңдай термен келген дәмге ерекше мән беретіні болмаса, баламалы ет те, баламалы сүт те сапасы жағынан мал етінен және сиыр сүтінен еш қалыспайды. Уақыт өте келе, осы баламалы өнімдердің адам ағзасына әсері толық зерттелер, сол кезеңде адамзат баласы тамақтану кезінде тағамның жасанды немесе табиғи екенін қаперіне алмауы да мүмкін.

Не ұтамыз деген сауалға берілетін жауап: мал басын өсіріп, жайылым жайлап, жан ауырмайтын болады және экологияға тигізер зиянымыз да шектелер еді. Баламалы тағамдар өндіретін зертханалар қалыпты жұмысын атқарса, адамзат баласын тағаммен толық қамту мәселесінің шешімі уақыт еншісінде болар еді.

Айбын ТӨРЕХАНОВ,
академик

СУ БЕРГЕННІҢ САУАБЫ БАР

Су – Жер ана төсіндегі барлық тіршілік иелеріне нәр беруші табиғаттың баға жетпес байлығы. Суды адам баласы ішуге, егін суаруға, мал шаруашылығы мен өнеркәсіптің түрлі салаларында барынша пайдаланады. Алайда, суды үнемді қолдану біздің қоғам үшін өте қажет. Себебі, дүниежүзінің көптеген елдерінде тұщы су жағдайы күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың біріне айналған.

Әйтсе де сол бір айтулы әлемнің бір бөлшегі біздің Жазиралы Жетісу өлкесі су қорына өте бай. Осы шұрайлы өңірдің бір пұшпағы Жаркент жері де сулы, нулы аймақ. Енді Панфилов ауданы аумағындағы су жүйелерін ретеп отырушы, су шаруашылығы тарихына келсек, ол сонау XX ғасыр басындағы 1914 жылдан бастау алады екен. Сол жылы Алматы, Пішпек, Қарақол, Лепсі сияқты нулы өңірдің су қорын пайдалануды ретке келтіруші уездік ұйымдар құрылды. Ал, мекеменің эксплуатациялық және гидрометриялық жұмыстары тек 1925 жылы іске асып, алғашқы су бақылаушылар штаты ашылып, гидрометрлік бекеттер тұрғызылды. Кейін 1930 жылы 28 қазанда «Жаркент Су шаруашылығы» жүйесінің басқармасы аталып, құрамына: Қорғас, Шежін, Бұрхан, Тышқан, Өсек, Китің – Бурақожыр т.б. ірілі-ұсақты су жүйелері енгізілді. Бергі жылдары атауы неше өзгерген бұл мекеме - 02.04.2012 жылдан бастап АШМ СРК ШЖҚ «Қазсушар» РМК Алматы филиалының Панфилов өндірістік учаскесі болып өзгертілді. Қазіргі таңда кәсіпорын құзырында – Қорғас, Тышқан, Жоғары – қалалық, Бурақожыр, Үшарал және Еңбекші атты 6 өндірістік су учаскелері бар. Аталмыш су бөлімшелерінің таңмен таласа тынымсыз еңбек етіп жүрген айтулы мамандарын: Қорғас су учаскесінен – Иминов Х, Тулақбаев Р, Баситов М; Жоғарғы - қалалықтан – Каймұхаметов А, Евдокименко Е, Исаев М; Тышқан су учаскесінен - Сатыбалдиев Т, Қосынбаев Е; Бурақожырдан – Төреханова Ж, Абдолдаев Б; Үшаралдан – Алмабаев А, Оразов Д. және Еңбекші су учаскесінен – Тышманов Т, Сұлтанқұлов М, т.б. ұжым мүшелерін атап өтуді жөн көріп отырмын.

Мекеме балансына - 5 бөгетті су торабы кіреді. Олардың қатарында: Өсек өзені, су жіберу қабілеті – 339,0 м^3/сек, Тышқан өзені – 120,0 м^3/сек, Бурақожыр өзені – 150,0 м^3/сек, сондай-ақ, 05.07.2013 жылы Қорғас өзені бойында Халықаралық дәрежедегі «Достық» су торабы іске қосылды, су жіберу қабілеті – 450,0 м^3/сек құрайды. Және де кіші су торабтарынан басқа ұзындығы – 287,25 км болатын шаруашылық жерлерін суландыру жүйелері жұмыс істеуде. Оның бетонмен қапталғаны – 175,8 км болса, жер арналысының ұзындығы – 104,65 км, ал құбыр арқылы су тасымалы – 6,8 км-ге жетеді. Бұл суландыру жүйелері жалпы аудан бойынша – 49,1 мың га алқаптан тұратын жер көлемінің мемлекеттік жүйедегі – 40,2 га жататын суармалы жерді тіршілік нәрі сумен қамтамасыз етуде.

Енді айтулы мекеменің жұмысшы мамандарының сапалық құрамына тоқталсақ, орташа саны – 154 адам. Оның ішінде: 15 инженер гидротехник, 8 инженер гидрометр, 15 канал технигі, 2 су технигі, 36 су реттеуші, 8 су бақылаушы маманы болса, тағы 70 адам түрлі жұмыстар атқарып, еселі еңбек етуде. Мінекей, өзіміз сөз етіп отырған, бір ғасырдан астам тарихы бар «Қазсушар» Панфилов өндірістік учаскесін 2013 жылдан бастап аудан экономикасы мен ауыл шаруашылығын дамытуға зор үлес қосып жүрген тәжірибелі маман Тоқтарбай Әкімұлы Керімқұлов басқарып келеді. Қызметке келген алғашқы күннен-ақ, ұжымның жұмыс тәртібін ретке келтіруден бастаған басшы мекеме қызметі мен тыныс-тіршілігінің тың, жаңаша қарқынмен жандануына ерекше серпін берді. Төраға бастамасына бірауыздан жұмыла кірісіп, қолдау көрсетуші Панфилов өндірістік учаскесі бастығының орынбасары – Беширов Ю, Бас инженер – Харченко Н, I – дәрежелі есепші – Джумагулов Б, есепшілер – Қоянбаева Қ, Ибраимкулова К, Салим В, Турапбеков Ж, экономист – Турдиева Н, хатшы – Насремова Р, Су бөлімінің бастығы – Исаев Б, инженер – гидрометр – Сманова М, Бедрек А, құрылыс бөлімінің бастығы – Джазыкбаева Д, Каримов Н. сынды азаматтар қажымай еңбек етіп, мекеменің мерейін үстем етуде.

Белгіленген мақсат бойынша - кәсіпорынға тиесілі суландыру каналының эксплуатациясы, гидротехникалық құрылыс саласы мен су есебінің әдістері, сондай-ақ, шаруашылыққа қарасты арнайы ғимараттардың техникалық тұрғыдан талапқа сай болуы тексеріліп, сараланды. Жалпы шаруашылықтың жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы алдыңғы орынға шығып, берілген мерзімде орындалуы қатаң талап етілді. Межелеген міндет үдесінен шығуды көздеген шебер басшы әр ауылдың округ әкімдерімен, шаруа қожалықтарының төрағаларымен іс бабында жеке-жеке кездесулер өткізді, түсінік жұмыстары жүргізіліп, шаруалардың заңдық тұрғыда арнай келісімшартқа отыруы міндеттелді. Енді мекендер маңайындағы арықтардың, тоғандардың уақтылы қазылып, тазалау жұмыстарының жүргізілуімен қатар, жаз мезгіліндегі күннің ұзаруына байланысты жерге жарық түскен таңсәріден егіс алқабынан табылып су алу, сушылардың кезекшілігі мен берілген судың ысырапсыз пайдаланылуы ретке келтірілді. Дер кезінде атқарылып, нақты жүзеге асқан іс-шаралар өз нәтижесін беріп, диқандарға жылдың су берудің көлемін біршама арттыруға мүмкіндік туғызды.

Мысалы: 2013 жыл мемлекеттік суландыру қызметі 246,7 млн.м^3 су беруді жоспарлағанымен, нақты берілген су мөлшері – 284,2 млн.м^3 болып артығымен орындалды. Бұл үрдіс одан әрі жалғасын тауып – 2014 жылы 328,3 млн.м^3, 2015 жылы - 381,0 млн.м^3 - дейін артып, аудан, облыста берілетін жалпы су көлемінің 49%-ын берді. Ал, биылғы жылғы меже бойынша - 357,5 млн.м^3 су беру жоспарланып отыр. Аталмыш мекеме мамандарының сапалық құрамымен бірге техникамен жабдықтау ісі де басшылық назарынан тыс қалған емес. Оған дәлел, 2014 жылы инвесторлық бағдарлама бойынша «Қазсушар» кәсіпорны LW-500 маркалы фронталды жүк тиегіш тракторын, 2015 жылы ЕК-18-90 маркалы дөңгелекпен жүретін эксковатор сатып алынып жұмыс жасауда. Нарық сұранысына сай келген бұл әрекет өз кезегінде сырттан техника жалдауды жойып, шығын көлемін азайтумен қатар мыңдаған теңгені құрайтын мекеме қаржысын үнемдеуге жол ашты.

Сондай-ақ, кәсіпорының жұмыс сапасы мен еңбек өнімділігін арттыруды ойға алған төраға, өзінің шебер ұйымдастырушылық қабілетіне сүйеніп, ұжым мүшелерінің әлеуметтік жағдайын көтеруді ең бірінші кезекке қойып қойып отыр. Мәселен, ауданымыздың шығыс аумағындағы ауылдық округтерге су бөлу мен оны тәулік бойы қадағалауға ыңғайлы болу үшін: Алмалы-су магистральді каналының су қысымын өлшеу бассейніне, Алмалы-су, Басқұншы каналдарының су бөлгіш күзетшілеріне, Аяқ-Құншан каналының Р-11 маңындағы су реттеушіге контейнерден үйшік қойылып, айналасы жасыл-желекпен абаттандырылды. Және де Алмалы ауылында жергілікті тұрғындардың су шаруашылығы жұмыстарына қатысты туындаған мәселелерін оңтайлы шешу мен келісім шарттарды іске асыру үшін арнайы кеңсе ашылса, Аяқ-Құншан каналының Р-12 су бөлгішіне тұрғын үй салынып берілді. Иә, жұмысшылардың әлеуметтік әлеуетін көтеріп, ризашылығына бөленген осыншама келелі істер одан әрі Бурақожыр су бөгетіндегі тұрғын үйдің шатырын жаңалауға ұласты, 30-жыл бойы жарықсыз отырған осы баспанаға электр желісі тартылып, заманауи жарық көзімен қамтамасыз етілгенін қуана хабарлаймыз.

Қиыннан қиыстырып жол таба білетін алғыр басшысы бар ұйымшыл ұжым қызмет бабындағы кездескен түрлі кедергілерге қарамастан, уақытпен санаспай еңбек етудің арқасында мекеменің бас ғимаратын да (Жаркент қаласындағы) заман талабына сай жабдықтауды аяқтап қалды. Оған дәлел ретінде: жылдар бойы қараусыз қалған кәсіпорын ауласының жаңа дуалмен қоршалып және осы ауладағы механизаторлар бөлмесінің қайта жабдықталуы, ыстық сумен қамтылуымен қатар үлкен қойма мен ағаш шеберханасының да төбесінің жаңадан жабылғандығын қосыңыз. Оған қоса түрлі техникаларды жөндеуден өткізетін шеберхананың керекті құрал-саймандармен толықтай жабдықталып, реттеліп, бір жүйеге келтірілгенін естігенде тәжірибелі төраға еңбегіне шексіз риза болдық.

Иә, біз әңгімеге арқау етіп отырған мекеме жұмысшылырын биылғы көктем, жаз мезгілдерінің толассыз жаңбырлы болуы біршама әбігерге түсірді. Табиғат апатының аяқ астынан орын алып, орны толмас өкінішке соқтыратынын жақсы білетін тәжірибелі мамандар аянбай еңбек етті. Тасқын салдарынан Өсек, Бурақожыр, Шежін т.б. өзендер суының шектен тыс көтерілуі, сел алу қаупін туғызды. Шұғыл түрде дер кезінде жүзеге асырылған іс – шара барысында барлық адам күші мен техника бір бағытқа жұмылдырылып, апаттың алды алынды. Аз уақытта толайым жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ: күннің кенеттен қатты ысып кетуі салдарынан 6 маусым мен 9 тамыз аралығында су тасқыны өзендер бойындағы шаруашылық нысандарының бүлінуіне әкеп соқтырды. Әсіресе Өсек өзенінің су деңгейі - 350 м^3/с дейін көтеріліп, жағадағы қауіпсіздік бөгетшелерінің барлығын сел шайып әкетті. Жедел түрдегі әрекеттің нәтижесінде табиғи апаттың беті қайтарылды. Алайда орын алған табиғи кедергілерге қарамастан аудан аумағындағы барлық шаруа қожалықтарына қажетті мөлшердегі су үзіліссіз беріліп тұрды. Бұл дегеніміз жәй кезде көзге көріне бермейтін қарапайым еңбек адамдарының қажырлы да қайратты еңбектерінің бір жарқын көрінісі екендігі даусыз. Аудан экономикасының көтерілуі мен туған жерді көркейтуге атсалысып, еселі еңбек етіп жатқан «Қазсушар» ұжымының алдағы жылға дайындаған жоспары да қомақты. Дәлірек айтсақ: Өсек өзеніндегі су бөгетіне күрделі жөндеу мен Тышқан, Шежін су бөгеттеріне қайта жаңғырту жұмыстарын жасап, көптен бері иесіз қалған кейбір су жүйелерін айқындап, теңгерімге алу, оларды жөндеу жұмыстары арқылы қалпына келтіруді іске асыру көзделіп отыр.

Елжанды, іскер басшысы бар, жұдырықтай жұмылған айтулы мекеме мүшелері, Тәуелсіздіктің 28 жыл толу мерекесіне, бұрын – соңды болмаған зор жетістіктерімен қарсы алуға тас-түйін дайын. Аз уақытта осынша қыруар жұмыс тындырып, мемлекет дамуына зор үлес қосып жүрген қарапайым еңбек майталмандарына мың алғыс! Заман ағымына бейімделген, мақсаты айқын, сапалық деңгейі жағынан жоғары көрсеткішке жеткен «Қазсушар» мекемесі мүшелерінің ерен еңбегі қандай құрметке болса да лайық.

Қ.ТҰРДЫҒАЗЫҰЛЫ,
Жаркент қаласы.

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

«Менің Әуезовым» деп ақтық демі біткенше атын қайталап, ең атақты шығармасын ұлы жазушыға арнап жазып кеткен екі дәуірдің жазушысының бірі - Зейнолла Қабдолов. Ұстаздық өмірдің қыр-сырын оқи жүріп үйренген, шәкірттерге дәріс бере жүріп үйреткен мына ұмытылмас сөзді былай деп қалдырған екен: «Ұстаздық - ұлы нәрсе!, Ұстаздық ету – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау. Бұдан асқан қиямет – қайым, қиындық, азап пен бейнет жоқ. Осы қиындықты жеңген осындай азап пен бейнетке көнген ғана – ұстаз».

Бүгінгі күндері бүкіл қазақ мұғалімдерінің аузынан түспей жүрген, хатқа түсіріліп тасқа таңбаланғандай болған, ұлағатты сөз осы өңірдегі, өрелі жанның бірі, өнегелі өмір сүріп, бар ғұмырын ұрпаққа тәрбие мен білім беруге арнаған Клара Ахметқызы Сүлейменоваға арнайы жазылғандай. Дүниеге келуі қазақ халқын нәубетке ұрындырған 1932 жылдардың ауыртпалығы жүректерде ызғар қалдырды. Адам баласының басынан небір қиындықтар өткен,қазақ жұрты тарихтың теперішінтартудай-ақ тартқан.

Соның бірі - Кларанның әкесі Ахмет Сүлейменов қазақша, орысша сауатты оқыған азаматтың бірі болған. Жаркент аймағындағы ең алғашқы құрылған төтенше комиссияда (ЧК) уәкіл болып істеген жігерлі, намысшыл, жан – жақты адам еді. Алғашқы кездерде Жаркентте істеп жүріп, кейін жоғарғы партия органдарының бағыттауымен Ақсу ауданында (1930 жылдан бастап аудан атауы енгізілген) партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып жүрген кезінде, жұмыстағы жіберген әрескел қателері үшін 1936 жылы 10 жылға сотталып кетеді. Бұл құғын - сүргіннің белең алып келе жатқан шағы болатын.

Ахмет Сүлейменов арнайы шақыртумен жұмыс бабымен Мәскеуге командировкаға барып, ауданға қайтып келгенде жұмысты тапсырып кеткен екінші хатшы қызметін дұрыс айтқармай, ішімдік ішіп тойлап, онысымен қоймай біраз аяулы азаматтарды «Халық жауы» деп ұстап, айдатып жіберген екен. Бұған шыдамаған Ахмет Сүлейменов өз кінәсін мойындамаған хатшыға қару қолданған. Ресейдің Чукотка өңірінде жазасын өтеген. Қарындасы Бөшенова Қайшанның (1934 жылы туылған) айтуы бойынша «Мен ветеринармын, малдың жайын жақсы білемін» деп чукчалардың бұғысын бағысып, қарасып, 10 жылын өтеп келген. Түрмеде отырған кезінде Шежіндегі бауыры Бөшенге хат жазып, Жаркентте қалған әйелі мен бала – шағасын қасыңа көшіріп аларсың деп табыстапты. Қаншама қиындықтарды бастарынан кешеде мойымаған жандар емес пе? Қайын ағалары Шежінге көшіріп алған соң, бел шешіп, еңбекке араласып, шешесі Кәмила – сауыншы, қызы Гүлжан - есепші болып орналасқан. Үлкендері - Роза, Клара, Қайрат Жаркентте қалып, оқуларын жалғастырған.

Жаратылысынан намысқой Ахмет Сүлейменовтың басына ауыр соққы болып тиген мына бір оқиға тіптен өміріне өкініштің қара көлеңкесін қатты түсірген екен. Жазасын өтеп келе жатып, Сарыөзекте асханаға кіріп, тамақ ішуге отырғанда «Мұнда калбиттер отырмайды» - деп мас орыстың бірі орысшалап балағаттағанына шыдамай, жанжалдасып қалғанда, біреулер милиция шақыртып, қайта ұстатып жіберген. Туған жерін аңсап, сағынып келе жатқанда мұндай тағдырдың қорлығына түскен адам оған да көнген.

Көзін көріп, басынан өткен өмірлерінің кейбір мезеттерін тыңдап, есте сақтап, әңгімелерін өз аузынан естіген, қазір Басқұншы ауылында тұратын жақын туысы, зейнеткер ұстаз Атамбаев Әбілғазы сол сәтті былай деп еске алды: «Маған он жыл сотталып келгенім ештеңе емес, арыма, намысыма тигендерімен қоймай, тағы екі жылға соттағандары жаныма қатты батты, сол екі жыл он жылыма татыды деуші еді» - дейді.

Ахмет Сүлейменұлының бауырмал әке, қамқоршы жан екендігін Қайшан қарындасы мен Әбілғазы туысы біраз әңгімеледі. Ахмет ағасы қарындасына 1955 жылдың жазында «Сен менімен бірге жүр, біздің Қытайдан өткен туыстарымызды Қырғызстанға апарып тастапты, соларды көшірісіп әкелісесің» - деп ертіп алады. 1954 жылдары көп отбасылар Қытай елінен Іле өзеніндегі пароходка отырып, Қапшағайдың жоғарғы тұсындағы станцияға түсіріп, одан Сарыөзек станциясына апарып, поезға отырғызып, Қырғызстанның Қарабалтадағы «Қызыл әскер» колхозына апарып тастаған қазақтардың ішінде (Елшібектер) жақын туыстары барын естіген Ахмет Сүлейменов сол жаққа дереу аттанады.

Ешбір адамның қолдауынсыз көпті көрген көзі ашық адам қаражатты да, көлікті де өзі

тауып, ұйымдастырып, «Қызыл әскер» колхозына барып, екі – үш отбасын көлікке отырғызып, Қайшан қарындасына бастатып, Қазақстанға қайтарады. Өзі сол Қырғызстанда қалып, Жаркент елінің біраз адамдарын іздеп, тауып, екінші кезекпенен елге алып жүреді. Алматыға келіп, бауыры Әбілхан Қастеевтің үйінен ас-суын ішкізіп, қондырып, Жаркентте тұратын қарындасы - Зағира Нүсіпбекованың үйіне түсіріп, орналастырады. Қырғызстаннан адамдарды көшірісіп келген Қайшан тәтемізбен тоғыз жасында отбасымен Қытайдан көшіп келген Әбілғазы Насыролдаұлы оқиғаның шындығын Қайшан апай екеуі бір – бірінің сөзін мақұлдасып, анық – қанығын енді білісті. Сондағы Қырғызстаннан көшіріп әкелген көп отбасының бірі - Насыролда қарияның туыстары болып шықты. Тарыдай шашылып кеткен қазақ бауырларымыз аз ба еді?

Сонау 1950 жылдары елдің тұрмыс жағдайы әлі де көтеріле қоймаса да осындай тәуекелге барып, ел үшін отқа күйіп жүрген қайсар азаматын ел «Батыр Ата», келіндері «Батыр Жәкем» деп кеткен. Орталықтан алыс жүрсем, көзден тыс жерде болсам, ешкімге зияным тимес деген оймен Шежінге келіп, мал шаруашылығымен айналысам деп тұрақтап қалған. Кейіннен жұмысшы батальонына алынып, сол жақта қайтыс болған немере ағасы Бөшеннің әйелі – Сақыпжамалға әмеңгерлік жолмен үйленіп, 1957 жылы ұлды болып, атын Төлендіқанат (Қайшан тұрмысқа шықты, оның орны төленді, ұлым Қайраттың қасындағы қанаты болсын) деп екі есімді қосарлап қойыпты. Тар жол тайғақ кешуді бастан өткерсе де, өзгенің бақыты үшін, балалары үшін аянбай еңбек еткен айтулы азамат Ахмет Сүлейменов 1959 жылы өмірден өтті. Балалары - Роза, Гүлжан, Клара, Қайрат, Төлендіқанаттар әке ісін ары қарай жалғастырды.

Қазақтың кез-келген қыздарының бойына біткен қажырлылық және өзінің аталас туысы - Әбілхан ағасының есімін өзіне темірқазық жұлдызы етіп ұстануы Клара Ахметқызының талабына талап қосып, жігерін жаныды. Туған өлкесінің өзі асқақтап тұрған Арқас тауы өрлікке, ерлікке, еңбекке жетеледі.

Өркеш – өркеш Арқас тауы сол маңның,
Жаратылған абызындай ойлардың.
Ту қиырдан аппақ сағым мұнартып,
Қос сызығын қосып жатыр жолдардың.
Шіркін неткен, әсем, көркем өлке еді!
Жаратылған жыр - ғажайып ертегі.
Бұлақ белі, әр бұтасы Шежіннің,
Сұлулықтың нәзік күйін шертеді.

Шежін алқабының сұлулығы айдың ағып түскен сыныгындай аппақ сезім туғызады. 1951 жылы Жаркент қаласындағы Ы. Алтынсарин мектебін бітірген Кларанның Алматы қаласы Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түскені де алтын аймақты шексіз сүйгендігінің арқасы еді. Соғыс аяқталып, ел есін жиған кезең болғанмен, елдің киім - киісі мен жүріс-тұрысынан өзге де тіршіліктерінен тұрмыс қиындығы көрініп тұратын. Жасынан алғыр Клара Ахметқызы қатарластарынан оза отырып, 1955 жылы оқуын қызыл дипломмен бітірді. Сол шақтардағы қызыл дипломды нағыз білімді, жан-жақты оқыған, танымы мол тұлғалар, нағыз білім иелері алатын. Жастық жалынмен туған жеріне оралған Клара Ахметқызы 1955-1956 жылдары С.М.Киров атындағы орта мектепте орыс тілінен сабақ жүргізді. Оқуда жүріп екі тілді ыждағаттылықпен еркін меңгерген жас мұғалімге бұл қиындық тудырмады. Қайта қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерін қатар қойып, салыстыра отырып, әдістемесін жасауға көп көмегі тиді.

1956-1960 жылдары отбасылық жағдайына байланысты Алматы қаласындағы №56, Семей қаласындағы №12 орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ жүргізді. Әр білім ордасының өзіндік орны, ерекше тарихы бары белгілі. Алматы қаласындағы №56 орта мектепте мұғалім болып, сабақ беріп жүрген кезінде атақты ел адамдарының балалары осы мектептен білім алғанына қанықты. Мысалы тәжірибесі мол ұстаздардан білім алғандардың ішінде әйгілі жазушыларымыздың М.Әуезовтың Едігесі, С.Мұқановтың Айман – Шолпаны, майдангер жазушы Жұмағали Сайынның Викторы мен Игоры, көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың немересі және көптеген аты белгілі азаматтардың балалары мен немерелері оқыған екен.

Клара Ахметқызы туған жерден жырақта сабақ бере жүріп, ұлы Абайдың «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» - деген тұжырымын ойға түйді. Өзіне ұстаздық жолға түскенде ой-өрісінің кеңеюіне, осы мамандықтың қыры мен сырына жетік, Жаркент өңіріне атағы жайылған әпкесі, ұстазы - Зағира Нүсіпбекованың ықпалы айрықша болды. Алдыңғы қатарлы педагогтардың бала тәрбиесіне байланысты ой пікірлерін өзінің алған білімімен, тәжірибесімен кіріктіре отырып, шәкірт сұранысын әрдайым қанағаттандырып отыратын.

Клара Ахметқызы 1960 жылдары өзінен үлкен әпкесі Гүлжан сабақ беріп жүрген Басқұншы ауылындағы И.Крылов атындағы орта мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасады. 1957 жылдан бастап мектеп ұжымын басқарып келе жатқан Иемберген Төкенов өмірдің өткеленің көп көрген адам еді. Оқушыларға білікті де тәжірибелі мұғалімнің сабақ жүргізуін қуана қарсы алды. Жұмысын абыройлы атқарады. Өмірлік ұстанымы мол мектеп директоры И.Төкенов Клара Аметқызын ауданға қызметке шақырғанда ақ жол тілеп, шығарып салды. Қай жерде болсада, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын Клара Ахметқызының іскерлік қабілетін байқаған аудан басшылары оны аудандық білім бөліміне еңбек инспекторлығына, одан соң білім бөлімі басшысының орынбасарлығына бекітті. Мектептердің әр түрлі жұмыстарын үйлестіру, өткізілетін мерекелік тағы басқа шараларды ұйымдастыру, есептер алу, оны жоғары орындарға уақытымен тапсыру, бәрі - Клара Ахметқызының қолынан өтетін, бәріне үлгеретін. Қарбалас жұмыспен қатар отбасыныда күнделікті мәселелерін шешіп отыратын. Туған-туысқандар мен жақын-жарандардың да көңілін тауып, жүздерін жадыратып, күлдіріп, қуанышқа бөлеп жататын. Мектепте мұғалімдермен, оқушылармен етене байланыста болып, психологиялық жағынан шыңдалған Клара Ахметқызының ұйымдастырушылық көпшілік пен жұмыс істей алатын қызметін бағалаған.

Панфилов аудандық партия комитеті 1960 жылы нұсқаушылық қызметке қабылдап, сенім үдесінен шыққаннан кейін аудандағы үлкен шаруашылықтардың бірі «Жеміс-жидек» кеңшарына (совхоз) партия ұйымының хатшылығына бекітті. Аудандық партия комитетінің бюро мүшелері кандидатурасын бірден мақұлдады. Көптеген ұлттардан тұратын шаруашылықтың шаш-етектен келетін жұмыстарды да, ұжымның партия ұйымын басқаруда да өзінің саяси қабілетін көрсете білді. Науқандық жұмыстарды атқаруға еңбеккерлерді жұмылдыру, әр отбасының жағдайына қарасу, ұжымдағы тәртіпті сақтау, мектеп, балабақша, тізбектелген шаруаның ыңғайын табу, арасында үгіт насихат жұмысын жүргізе отырып партия мүшелігіне адамдар тарту күрделі іс еді. Клара Ахметқызы осы қызметті атқаруда да қойылған талап үдесінен шыға білді.

Ауыл шаруашылығы өркендеп, экономикасы көтеріліп келе жатқан Жаркент аймағының келешегін ойлаған аудан басшылары ауыл шаруашылығы мамандарына деген зәрулікті жою мақсатында Жаркент қаласынан 1976 жылы ауыл шаруашылық-өндірістік техникалық училищесінің (СПТУ) іргесін қалап, оған басшылық жасауға Клара Ахметқызын шақырды. Педагогикалық білімі бар, өндіріс саласында жинаған тәжірибесі мол маманға училищенің жұмысын тік тұрғызу оңайға түспеді. Арнайы ауыл шаруашылығының мамандарын жұмысқа тарту қажеттілігі, жоғары білімді инженер кадрлар тіптен аз, жасөспірімдердің тәрбиесімен айналысатын білікті мұғалімдер жинақтау, ұжым жасау міндетін атқару үлесі тиді. Оның сыртында жаңадан салынған оқу ғимараттарының сыртын, ішін безендіру жұмыстары да партияның қатаң бақылауында тұратын. Тынымсыз жұмыс басында ер адамдардың атқаратын істерін орындап тастайтын. Талапшыл, тілге шебер, ойы ұшқыр Клара Ахметқызының сөзді тап басып, тауып айтатынын Әбілғазы Насыролдаұлы былай деп еске алады:

«Жаркент қаласындағы орталықтандырылған суретшілер шеберханасында жұмыс істеп жүрген кезім. Тапсырыс өте көп. Үндеу жазу, көшелерге безендірулер ілу, колхоз – совхоздардың үгіт – насихат плакаттарын жасау жұмыстарымен айналысамыз. Шеберхана іші заттарға лық толы тұратын. Әр түрлі бояулардың, сырдың иісі бұрқырап жататын. Бірде Клара әпкем есікті ашып, кіріп келді де, тұра қалып: «Түу, мынау иістің жақсысы-ай!» - дегенде шеберхананың жетекшісі Тұрсын Ибрагимов оны басқаша әзіл деп түсініп қалып, «Бізде жеті жігіт бар» деп еді «Мен сенің еркектеріңді айтып тұрған жоқпын, менде ондай жүз жігіт бар, мен мынау сырдың иісін айтып тұрмын» - деп жылдам жауап қайтарып, сөзден ұтып кетті. Тұрсын сасқанынан не дерін білмей, қызарақтап қалды».

Жастайынан өзін жинақы, сергек ұстайтын білімді жаңа бұл қызметтіде атқаруға тура келді. А.Байтұрсыновтың «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» - деген сөзі шынайы педагогикалық көзқарастың қажеттілігі осы саладан көрініс тапқан еді. Ол кездерде он жылдық мектептерде оқып жүргендердің сегізінші сыныбында оқуда төмен бағамен оқығандарын сыпырып алып, СПТУ-ға жіберетін. Оқуға қабілеті төмен болса да, тым болмаса, белгілі бір кәсіп иесі маман болып шығады делінетін. Әр тараптан келген небір «Сен тұр, мен айтайындар» тәжірибелі директор басқарған мұғалімдердің қажырлы еңбегінің арқасында «Макаренко әдісімен» оқытылып, кейіннен жіптіктей жігіттің ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы мамандары болып шыққандары көптеп саналады. Орыстың әйгілі педагогі К.Ушинский «Бала балқытылған алтын, одан қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» - деген тұрғыдағы сөзін Клара Ахметқызы берік ұстанған еді. Кезінде әр түрлі қиындықтармен оқи алмай, мектептегі оқуды бітіре алмай кеткен, отбасы жағдайлары мен еңбекке араласып жүрген, бірақ оқуға, білімге ұмтылған жастарды кешкі жұмыстан тыс мезгілде оқытуға үкімет мүмкіндік жасап қойған еді. Соның бірі - аудандағы кешкі мектеп. Оның да жұмысын абыроймен атқарып, көптеген жастардың білім құжатын алып, кейбірінің жоғары оқу орнына түсуіне қолғабыс көрсетті. Көптеген жастардың қалауын тауып, өмірге жолдама беріп бағыттады.

Ұстаз - ел қамы үшін жаратылғандықтан жоғарыдағылар қандай қызмет ұсынса да білімін, тәжірибесін туған халқының тұрмысын, мәдениетін, сана - сезімін көтеру үшін жұмыс атқарады. Осы ұстанымнан танбаған Клара Ахметқызы он жыл аудандық мемлекеттік ұйымдар кәсіподағының төрайымы қызметін елдің марапаты мен мадағына ие бола отырып, 1992 жылы құрметті зейнетке шыққанынша атқарды. Ұстаздың ұзақ жылғы халқына жасаған еңбегі ескеріліп, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2010 жылы «1941 – 1945 ж.ж Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл», 2015 жылы «70 лет Победы Отечественной войне 1941-1945 г.г»., 2016 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен марапатталып, Жаркент ауданының «Құрметті Азаматы» атағына ие болды. «Ақын болу шарт емес, азамат болу міндетің» - деген қағиданы жанына жақын тұтқан Клара Сүлейменова Жаркент жұртшылығымен Қазақстанның әр жерінде еңбек етіп жүрген, шәкірттерінің жадында өнегелі ғұмыр кешкен үлкен әріппен жазылатын Азамат ретінде зор тұлға болып қалды.

М.М.СОЛТАНАЕВ,
ақын, ҚР Білім беру ісінің озық қызметкері.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**
Бас редактор **– Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер **– Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢ Газет индексі - 65161
➢ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➢ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1346